ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ

ИСАЕВА Л.Н.

1918 – 1939 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИСПАНИЯ («ЕВРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ» ПӘНІНЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ)

050202 – «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» МАМАНДЫҒЫ СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН

Ақтау – 2010

ӘОЖ 94 (4+7) (045)

Құрастырушы: «Халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушысы Исаева Ляззат Ныгметовна. «1918 – 1939 жылдардағы Испания», 050202 – «Халықаралық қатынастар» мамандығы студенттеріне арналған «Европа және Америка елдерінің тарихы» пәнінен оқу-әдістемелік нұсқау. Ақтау, 2010. – 43 б.

РЕЦЕНЗЕНТ: т.ғ.к., доцент Кузутбаева Б.К.

Оқу-әдістемелік нұсқау Европа және Америка елдерінің тарихы пәнінен «1918-1939 жылдардағы Испания» тақырыбын меңгеруге арналған. Мұнда Оңтүстік-Батыс Европа мемлекеті болып табылатын Испанияның бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар аралығындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және саяси даму тарихын толық ашу үшін осы кезеңдегі маңызды оқиғалар – 1931-1939 жылдардағы революцияның алғышарттары, оның кезеңдері, даму барысы, азамат соғысына ұласуы және испан фашизмінің пайда болуы, қалыптасуы, испан халқының ішкі және халықаралық фашизммен күресі, революциядан кейінгі Испанияның даму тарихы туралы теориялық материалдар, бақылау сұрақтары және тест тапсырмалары берілген. Оқу-әдістемелік нұсқау тақырыпты толық меңгеруге ықпал етеді.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

© Ш.Есенов атындағы КМТжИУ

КІРІСПЕ

Пиреней, Апенин және Балкан түбектері аумағында орналасқан Португалия, Италия, Греция және т.б. елдермен бірге Испания Оңтүстік Европа субаймағын құрайды. Бұл елдер арасындағы біраз айырмашылықтарға қарамастан оларды бірқатар ортақ белгілер де біріктіріп, оларды бірыңғай тарихи қауымдастық ретінде сипаттауға болады. XIX-XX ғасырлар межесінде Оңтүстік Европа елдерінің дамыған капиталистік елдерден де және «үшінші елдерден» де айырмашылықтары болды: бұлар капиталистік даму жолына кеш түсті, XIX ғасырдағы буржуазиялық және буржуазиялық-демократиялық революциялар аяқталмаған күйде болды, ұлттық дәстүрлер мен консервативтік құндылықтар сақталынды. Нәтижеде Испания, Португалия, Италия, Греция т.б. «орталыққа» тәуелді, «екінші эшелон» елдері ретіндегі шет аймақ жағдайында болды. Оңтүстік Европа елдерінің орта ғасыр, жаңа дәуірдегі дамуы олардың артта қалуын, баяулығын, тәуелді сипат алуын көрсетті. Жетекші елдердің монополиялық сатыға енуі Оңтүстік Европа елдерінің экономикалық даму дәрежесіндегі алшақтықты одан сайын күшейтті. Бұл субаймақ Ұлыбритания, Франция, Германияның капиталының сыртқы экспанциясының обьектісі болды, олар Оңтүстік Европада өздеріне тиімді аграрлық-шикізаттық мамандануды қалыптастырып, оңтүстік европалық елдердің технологиялық тәуелділігін күшейтті. Барған сайын аграрлық мәселе, ішкі рыноктың тарлығы, сыртқы рыноктың болмауы (Португалиядан басқа) дүниежүзілік рынок конъюнктурасына тәуелділік, жаппай эмиграция, өткір әлеуметтік наразылық, қоғамдық құрылымдардың консерватизмі сияқты жағымсыз құбылыстар көріне бастады.

Оңтүстік Европа елдерінің алдыңғы қатарлы капиталистік елдерден экономикалық жағынан артта қалуы буржуазиялық қоғамдық-саяси құрылымдардың қалыптасуын баяулатты. Бұл елдерде монархия, аристократия, армия және Шіркеу сияқты дәстүрлі институттарға қарағанда буржуазиялық парламентаризм институттары әлсіз болды. Парламентаризм оңтүстік европалық елдер тұрғындарының көпшілігін шоғырландыра алмады, солшыл қозғалыстардың қысымын жоя алмады, сондықтан парламентаризм фашистік, авторитарлық және әскери-диктатуралық режимдермен алмасты.

XX ғасырға Испания Оңтүстік-Батыс Европаның аграрлы-өнеркәсіпті шет аймағы ретінде енді. Бүкіл XIX ғасыр Испанияда капиталистік құрылыстың орнығуы үшін күрес жағдайында өтті, осы ғасырда болған бес революцияға қарамастан маңызды буржуазиялық-демократиялық қайта құрулар әлі де аяқталмады, латифундиялар сақталынды, жер иеленуші олигархияның саясатта басым роль атқаруы жалғасты. Мемлекеттік аппарат, шіркеу және армия негізінен осы әлеуметтік топ өкілдерінен толықтырылды.

Елдің екінші дәрежелі жағдайы тек қана ішкі экономикалық ғана емес, сонымен бірге халықаралық жағдайлармен де анықталды.1898 жылғы испан-американ соғысында Испания өз отарларынан (Куба, Пуэрто –Рико, Филиппин, Гуам аралынан) айырылды. Мемлекеттік идеологияның бір бөлігі болған Испанияның ұлылығының күні өтті. Мұның бәрі саяси күресте, экономикалық бағытта, қоғамдық санада көрініс тауып, испан мәдениетінде маңызды роль атқарған зиялылардың «1898 жылғы ұрпақ» деп аталған ағымын тудырды. Испанияның

ұлттық өркендеуі үшін қоғамдық өмірдің барлық жағына ықпал еткен оның жалпы экономикалық артта қалушылылығын жою қажет болды.

Испан экономикасында XX ғасырдың алғашқы он жылдықтарында капитализмге дейінгі белгілер, әсіресе ауыл шаруашылығында сақталды. Тұрғындардың басым көпшілігі ауыл шаруашылығымен айналысты.20 миллион тұрғынның 3,5 миллионы жерсіз немесе жері аз шаруалар болды. Міне осындай жағдайда аграрлық қатынастар жерге ірі жеке меншіктің үстемдігіне негізделді. Жердің жетіспеушілігіне байланысты шаруалар жер учаскелерін жалға алуға мәжбүр болды, елдегі жердің 80 проценті жалға берілді. Кедей-шаруалардың шаруашылық жүргізуінің тұрпайы формаларының нәтижесінде олардың мәдени артта қалушылығы, кедейшілігі көрініп, тар ұлттық рынок индустриялық дамуды тежеді. Шарап жасау, зәйтүн майын өндіру, көкөніс және жемістер, астық өндіру, мақта өндіруге маманданған қалған оңтүстік аймақтар дәстүрлі ауыл шаруашылығы өндірісі аудандары болды.

Бай және түрлі пайдалы қазбалардың болуы нәтижесінде өнеркәсіптің тау-кен және металлургия салалары дамыды. Олармен бірге жаңадан машина жасау, электротехника және химиялық кәсіпорындар салынды. XX ғасырдың басында елде алғашқы монополиялар – Астуриядағы Металлургиялық қоғам, Кеме жасау қоғамы, Бискай мен Арагондағы шойын, құрыш және прокат өндіру кәсіпорындары пайда болды. Испан буржуазиясы ішкі рыноктың тарлығынан, сырттан әкелінетін технологияға тәуелділіктен, дамыған елдер товарларының бәсекелестігінен, өнім өткізудің сыртқы рыногының болмауынан біраз қиындықтар көрді. Дәстүрлі өнеркәсіп жеңіл өнеркәсіптің тамақ, киім тігу, аяқ киім, ағаш өңдеу және басқа да салаларындағы көптеген ұсақ кәсіпорындар арқылы көрінді. Солтүстіктегі өнеркәсіпті аудандар – Каталония, Баскілер Елі (Баскония), Астурия мен артта қалған оңтүстік аудандар – Андалусия, Экстремадура, Жаңа Кастилия арасындағы дамуда үлкен алшақтық байқалды.

Қазіргі заманғы салалардың дамуында шетел капиталы үлкен роль атқарды. Банк ісі мен темір жолдар құрылысында француз инвестициялары, тау-кен өнеркәсібі мен минералды шикізаттар экспортында ағылшын капиталы үстем болды. Бірінші дүние жүзілік соғыстан кейін испан экономикасына американ капиталы ене бастады.

XX ғасырдағы Испанияның саяси құрылысына келетін болсақ, мынадай тарихи тізбені көруге болады: 1931 жылға дейін монархия, республика (1931-1939), диктатура (1939-1975), монархия (1975 жылдан бүгінге дейін). 1902 жылы испан тағына Бурбондар әулетінен 16 жасар король Альфонсо XIII (1886-1941) отырып, ол 1902 – 1931 жылдары испан королі болды. Ол әлеуметтік тыныштық пен қоғамдық тұрақтылықты сақтаудың кепілі деп санаған армияға сүйенген белсенді саяси тұлға болды. Ол мемлекеттік істерде консерватор болып, архаикалық мемлекеттік құрылымды өзгертуді ойламады, тек ерекше жағдайда кейбір реформаларға дайын болды. Елдегі заң шығарушы билік, 1876 жылы қабылданған Конституция бойынша корольге және сословиелік-өкілділік органы болған – Кортеске, ал атқарушы билік – корольге және ол тағайындаған министрлер кабинетіне тиесілі болды. Король өз қалауы бойынша кортесті шақыра және тарата алды. Монархия жергілікті жерлердегі шексіз билік – касикалық (староста) дәстүрлі жүйені немесе басқа

ықпалды адам билігін қатал қорғаштады. Испания мемлекеттік құрылысы жағынан конституциялық монархия болды.

Испан мемлекеттік механизмінің негізгі бөлігі – отарлық соғыстарда шыңдалған армия болды. Қарулы күштердің жоғарғы әскери құрамы өзінің көзқарастары жағынан консервативтілігімен ерекшеленіп, артықшылық жағдайда болды, әскери шығындардың үштен екісін жұтты. Примо Де Ривера, Санхурхо, Мола, Годед, Франко, Очоа – бұл жоғарғы әскери элитаның толық емес тізімі, олар өздерінің касталық корпоративті мүдделерін қорғауға дайын болып, саясатқа белсене араласты, өздерінің испандық өмір сүру үлгісін қорғаушылары екендігіне сенімі мол болды.

Жоғары діндарлығымен ерекшеленетін испандықтардың әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінде католик шіркеуі маңызды орын алды. Шіркеудің өзінің жылжымайтын мүлігі, жері, банкте салынымдары, құнды қағаздары, акциялары болды, мемлекеттен қарыздар (субсидиялар) және діндарлардан жәрдем алып тұрды, осылайша ол ірі меншік иесі және католиктік діни дәстүрді сақтаушы болды. Монархтың қамқорлығына сүйенген католицизм бірден-бір ресми мемлекеттік дін болды. Қоғамның барынша консервативті институттарының бірі болуына қарамастан, Шіркеу ғасырлар бойғы өз беделін сақтау үшін уақыт талабына сай өзгерістер енгізуге тырысты, ол үшін әлеуметтік функцияларын кеңейту қажет болды. Шіркеу діни-шіркеулік католицизмнен әлеуметтік-саяси католицизмге өте бастады.

Испанияның этникалық құрамына келетін болсақ, ол испандықтардан және ұлттық азшылық болып табылатын каталондықтардан (4,5 млн.), галисиялықтардан (2,2 млн.), баскілерден (600 мың) тұрды. XX ғасырдың басында ұлттық күштердің ұйымдық құрылу процесі жүрді. Каталонияда екі партия пайда болды: біреуі каталон буржуазиясының ірі топтарының мүддесін көздеді, екіншісі орта және ұсақ буржуазия мен зиялылар мүддесін білдірді. Басконияда Шіркеудің басшылығымен ірі буржуазиялық партия құрылды. Артта қалған Галисияда ұлттық қозғалыс ұйымы құрылмады. Каталондықтардың, баскілердің және галисиялықтардың ұлттық партияларының негізгі талаптары әкімшілік, финанстық, құқықтық артықшылықтар беретін және өз ұлттық мәдениетін еркін дамытуға мүмкіндік беретін автономия мәселесі болды.

Испандықтардың саяси партиялық спектрінде монархиялық және республикалық партиялар болды. Монархистік екі партия (консерваторлар мен либералдар) XIX –XX ғғ. межесінде үкіметті кезектесіп басқарып, бірте-бірте негізгі күш болудан қалып, елде қажетті өзгерістер жасауға қабілетсіздік танытты. Буржуазиялық-республикалық қозғалыс (Республикалық Одақ, Радикалды партия т.б.) XX ғасырдың бірінші ширегінде дұрыс ұйымдаспауы мен самарқаулығына байланысты республика орнату үшін күресті ұйымдастыра алмады.

Испан пролетариатының басты саяси және кәсіподақ ұйымдары Испан Социалистік жұмысшы партиясы (1879 жылы құрылған ИСРП) және оның басқаруындағы «Еңбекшілердің жалпы одағы» (1888 жылы құрылған ВСТ) деп аталған кәсіподақ орталығы, Испанияның Коммунистік партиясы (1920 жылы құрылған КПИ) және «Еңбектің Ұлттық конфедерациясы» (НКТ) деп аталған анархо-синдикалистік жалпы ұлттық кәсіподақ ұйымы болды. НКТ 1920 жылы өзіне 1 миллионнан астам адамды біріктірген ірі кәсіподақ орталығы болды. Испанияда

анархизм мен анархо-синдикализмнің ықпалының күшті болуы анархистер мен олар ұсынған күрес әдістері – экономикалық стачкалар, саботаж, жеке террор және қарулы бас көтерулер ұрандарын өздеріне жақын тұтқан тұрғындардың құрамындағы ұсақ буржуазия мен маргиналдардың үлесінің көп болуымен түсіндіріледі.

1. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Испан монархиясы. Примо де Риверaның диктатурасы.

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Испания өзінің бейтараптылығын жариялады. Өзінің геостратегиялық жағдайы мен бейтараптық статусына байланысты Антантаның да, Үштік Одақтың да көңілін өзіне аударған Испания соғысушы блоктарға өзінің дәстүрлі экспорты – тау-кен шикізаты мен азық-түлік шығарып, белсенді сауда жүргізді. Бұл елдің алтын қорын төрт есе көбейтуге мүмкіндік берді.Осының негізінде бірінші дүниежұзілік соғыс жылдары ұлттық экономика дамып, көмір өндіру, шойын, құрыш, мыс қорыту екі есе өсті, жүздеген жаңа өнеркәсіп орындары пайда болды, монополиялар құрылды. Каталония мен Баскония барынша табысты дамыды. Өндірістің қарқынды дамуы испан буржуазиясының экономиялық позицияларын нығайытты, өнеркәсіп жұмысшыларының саны өсті: 1919 жылы олар екі миллиондай адам болды. Алайда еңбекшілердің өмір сүру деңгейі бойынша Испания Европадағы ең төмен елдердің бірі болды.

1916 жылы елде стачкалық қозғалыстың өрлеуі басталды. Бұған жауап ретінде үкімет конституциялық кепілдіктерді жойып, елді қоршау жағдайында деп жариялады. Ресейдегі 1917 жылғы ақпандағы монархияның құлатылуы бұқараның революциялық белсенділігінің одан әрі өсуіне ықпал етті. Каталонияда автономиялық қозғалыс күшейді. Жұмысшылардың күресі өсіп, саяси сипат ала бастады.

1917 жылы тамызда Испан жұмысшылары жаппай саяси стачка ұйымдастырды, ол Астурия мен Бискайда қарулы көтеріліске ұласты. Үкімет кейбір аудандарда әскери күшті қолданды. Бастапқыда жұмысшыларды қолдауға уәде берген либералдық буржуазия репрессиялардан қорқып, ереуілшілерден бөлектенді. Жұмысшы табы буржуазияның басшылығынсыз жеңіске жете алмайды деп есептеген Испан социалистік жұмысшы партиясы дербес өзі іс-қимыл жасай алмады. Анархо-синдикалистер саяси стачканы қолдаудан бас тартты. Нәтижеде басшылықсыз қалған жұмысшылар күресті тоқтатуға мәжбүр болды. Тамыз ереуілі пролетариаттың монархияға қарсы алғашқы жалпы ұлттық бас көтеруі болды.

Соғыс жылдарындағы экономикадағы салыстырмалы түрдегі жақсы жағдай 1920 жылдың аяғында дағдарыспен алмасты. Соғыстың аяқталуына байланысты шетелден келетін тапсырымдар жойылды. Өндірістің қысқаруы халық шаруашылығының барлық саласын қамтыды.

Сыртқы сауда балансы төмендеді, жұмыссыздық өсті, ақшаның құнсыздануы күшейді, жалақы орта есеппен 20 % - ға төмендендеді, баға екі есе өсті. Әлеуметтік наразылықтың кең тараған формасы күшті демонстрациялар, стачкалар, жаппай ереуілдер болып, кейде олар полициямен, әскерлермен қақтығыстарға ұласып

отырды. Барлық жерлерде кәсіподақ белсенділері, коммунистер, социалистер тұтқындалды. Шаруалар қозғалыстары жанданды, Андалусия мен Экстремадураның аграрлы аудандарында шаруалар мен батрактар күрес комитеттерін құрып, помещиктер жерлерін басып ала бастады. Каталония, Баскония, Галисиядағы ұлттық қозғалыстар белсенді бола бастады. Соғыстан кейінгі әлеуметтік наразылықтардың нәтижесінде үкімет кейбір жеңілдіктерге барды, атап айтқанда, 8 сағаттық жұмыс күні орнатылды, балалар еңбегін қолдануға тыйым салынды және қартайғандық пен мүгедектігіне байланысты жәрдем ақы беру енгізілді. Испанияда революциялық жағдай қалыптасты, алайда ол революцияға ұласпады. Оның негізгі себебі, пролетариат жіктелген еді, жұмысшылардың бір бөлігі социалистердің, ал екіншілері анархистердің ықпалында болды. Сол кездегі жалғыз жұмысшы партиясы – ИСРП – реформистік бағытта болды. Осы кезеңде жұмысшы табын революцияға бастайтын партия құруды Социалистік жастар Федерациясы (ФСМ) ұсынды. 1920 жылы 15 сәуірдегі Мадридтегі өз съезінде ФСМ-ді Испан Коммунистік партиясы деп қайта құру туралы шешім қабылдады.

ИСРП қатарында Коминтернге (1919 жылы Москвада құрылған коммунистік партиялардың халықаралық ұйымы) кіруге байланысты өткір күрес жүрді. 1920 жылы жазда Москваға испан социалистерінен екі делегат жіберіледі. Коминтерн өзінің II-конгресінде бекітілген «Коминтернге кірудің 21 шартын» ұсынады.

Испанияға оралғаннан кейін делегаттар екі қарама-қарсы позицияны ұстанды, де лос Риос қабылданудың «21 шартына» қарсы болды, ал Ангиано – Коминтернге сөзсіз қосылуды жақтады. 1921 жылғы сәуірдегі ИСРП съезі де лос Риос жарғысын қабылдады. Оған келіспеген Ангиано және оның жақтаушылары съөзден кетіп, Испан Коммунистік жұмысшы партиясын құрды. Оның жетекшісі болып, жұмысшы қозғалысының ардагерлерінің бірі, ВСТ-нің негізін салушы Гарсиа Кехидо болды.

Осылайша, Испанияда екі компартия қалыптасты. Олардың арасында анау айтқандай келіспеушіліктер болмағандықтан, келіссөздер жүргізіліп, олар екі партияның бірігуімен аяқталды.

Компартияның құрылуы, бұқаралық ереуілдер, жұмысшы ұйымдарының тез өсуі буржуазиялық-помещиктік топтарда қобалжушылық туғызып, олар революциялық қозғалысты қайткен күнде тоқтатуға тырысты. Контрреволюцияның негізгі күштері реакциялық көңіл-күйдегі офицерлерден құрылған «Қорғаныс Хунтасы»,тапсыздан-дырылған элементтер, каталон буржуазиясының әскерилендірілген отрядтары, жастардың монархиялық «Рекете» ұйымы болды. Каталонияның революциялық жұмысшыларына қарсы жорықты Барселонаның азаматтық губернаторы генерал Мартинес Анидо басқарды.

Бұл қысымға қарсы тұру үшін барлық революциялық күштер бірігуі қажет болды, алайда олар жіктелген еді. ИСРП мен ВСТ басшылықтары белсенді бас көтеру ұйымдастыруға қарсы болды, компартия ұйымдасу жағдайында болды, ал анархистер жеке террор әдістерін қолданды. 1921 жылы олардың премьер-министр Датоны өлтіруі барлық жұмысшы ұйымдарына қарсы қатал репрессиялардың күшейтілуіне әкелді.

Елдегі саяси дағдарысты Мароккодағы испан империализмінің жеңілуі одан әрі шиеленістірді.1912 жылы Франциямен жасалған келісім бойынша Испания Марокконың бір бөлігіне иелік етті. Содан бері уақытта Мароккода жүргізілген испан отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық қозғалыс өрледі. Бұл қозғалыс Солтүстік

Мароккодағы Риф облысының таулы аймақтары тайпаларының әскери-саяси бірлестігі болған Риф республикасы құрылғаннан кейін күшейе түсті. 1921 жылы жазда испан отаршыл әскерлері көтерілген риф тайпаларына қарсы соғысып, Анваль түбінде жеңіледі. Бұл жеңіліс режим дағдарысын көрсетіп, қоғамның барлық топтарының абыржуын туғызды. Мароккодағы соғыс 1926 жылға дейін созылып, ақыры испандықтар мен француздардың Риф республикасын талқандауымен аяқталған.

Осындай жағдайда елде революциялық күрес жанданды. Билеуші топтар ала ауыз болып, буржуазиялық-помещиктік партиялар қарама-қарсы топтарға бөлініп, революциялық қозғалысқа қарсы тұра алмады. Бұған 1923 жылғы ұсақ буржуазия, кейбір әскери бөлімдер офицерлерінің Мароккодан әскерлерді қайтарып алуды талап еткен бас көтерулері қосылды. Осындай жағдайда «Қорғаныс Хунтасы», жоғарғы дін иелері, финанс олигархиясы, помещиктердің жоғарғы топтары монархияны құтқарудың бірден-бір әдісі әскери диктатура орнату деп ұйғарды. Мемлекеттік төңкеріс ашық дайындала бастады, бірақ оған КПИ-ден басқа саяси күштер қарсы тұрмады. Коммунистердің бірыңғай жұмысшы майданын құру туралы ұсынысын социалистер мен анархо-синдикалистер жетекшілері қабылдамады.

Кортестің Анваль түбіндегі жеңілістің себептерін тергеу қорытындылары туралы баяндаманы 1923 жылғы 23 қыркүйекте тыңдауға шешім қабылдауы төңкерісті ұйымдастыруды тездетті, себебі баяндамада король мен генералитеттің жауаптылығы туралы тікелей айтылған болатын. Әскерилер мен каталон ірі буржуазиясына сүйенген Каталония әскери округінің басшысы 53 жастағы генерал Мигель Примо де Ривера 1923 жылы 13 қыркүйекте мемлекеттік төңкеріс жасап, Барселонадағы билікті басып алды.Үкімет отставкаға кетіп, король XIII Альфонс Мадридке келген Примо де Риверaға: «Құдай саған сәттілік берсін. Билікті өзіңе тапсырамын», - деген. Испанияда әскери-монархиялық диктатура орнады.

Примо де Риверaның диктатурасы (1923 – 1930). Билікке келген Примо де Ривера әдеттегі үкімет емес, генералдар мен адмиралдардан тұрған әскери директория құрды, өзі оның басшысы болды. Ішкі істер министрі каталон жұмысшыларының жендеті Мартинос Анидо болды. Қоршау жағдайы енгізіліп, конституция жойылды, кортестер мен муниципалитеттер таратылды, жергілікті жерлерде билік әскери губернаторларға берілді. Сегіз сағаттық жұмыс күні, буржуазиялық-демократиялық бостандықтар жойылып, ереуілдерге, Компартия мен анархистік НКТ-ға тыйым салынды, репрессиялар жүргізілді, қатал цензура енгізілді. Диктатураға қарсы кез келген бас көтеру ұлттың мүддесіне қол сұғу деп қаралды. Үкіметтің барлық декреттеріне король және Примо де Ривера қол қойды. Армияда өзіне тұрақты тірек табу үшін диктатор офицерлердің жалақысын көбейтіп, Анваль түбіндегі жеңіліс туралы тергеу ісін тоқтатты. Өзіне бұқараны тарту үшін фашистік бағыттағы «Патриоттық одақ» деген ұйым құрды. Жаңа режимге таптық емес сипат беру үшін Италияда Муссолини құрғандай корпоративті жүйе енгізді. Ол бойынша жұмысшылар мен кәсіпкерлер жалпы ұлттық корпорацияларға бірікті. «Ұлттың бірлігі» үшін күрес деген ұранмен автономиялық қозғалысты қудалап, каталон, баскі және галисия тілдерін ресми құжаттарда пайдалануға тыйым салды.

Диктаторлық режимнің орнауы дүниежүзілік капитализмнің уақытша тұрақтануының басталу кезеңімен тұспа-тұс келді. Капиталистік дүниеде, оның ішінде Испанияда да экомикалық жағдай жақсара бастады. Примо де Риверaның

«елді өркендету» деп аталған экономикалық бағыты ұлттық өндірісті, ең алдымен ауыр өнеркәсіпті,тау-кен өндірісін, энергетиканы, құрылыс пен транспортты ынталандыруға бағытталды. Нәтижеде испан өнеркәсібі біраз алға басты. Экономиканы басқару ұлттық экономикалық кеңеске өтіп, орталықтандырылды. Финанстық саясат салықтарды көбейтуге негізделді (негізінен кіріс салығы және жылжымайтын мүлікке салынатын салық көбейтілді). Ауыл шаруашылығында кейбір өзгеріс-тер шаруалардың жағдайын жақсартпады. Примо де Риверaның әлеуметтік экономикалық шараларын мемлекеттік-монополистік реттеу элементтері ретінде қарастыруға болады.

1928 жылы қарашада XIII Альфонс мен Примо де Ривера Римге келген сапарында генералды итальян короліне таныстырған Альфонс:
«Міне менің Муссолиниім», - деген. Итальян диктаторы Примо де Риверaны «испан фашизмінің басшысы және Испанияны құрушы» деп атаған. Примо де Риверaның диктатурасы шындығында Муссолинидің фашистік диктатурасының алғашқы жылдарын еске түсіретін.

Марокко мәселесін Примо де Ривера өз күшімен реттей алмады. Испания мен Франция арасында бірігіп қимылдау туралы келісім жасалғаннан кейін ғана, 1926 жылы рифтердің көтерілісі қатал басылып, Риф республикасы құлатылды.

Әскери директория халық арасында қолдау таппағанына көзі жеткен Примо де Ривера 1925 жылы оны азаматтық үкіметпен алмастырады, алайда диктатура мазмұны өзгермеді, диктатордың шексіз билігі жалғасты.

Бастапқыда Примо де Риверaның диктатурасы өзіне батыл қарсылықты кездестірмеді. Әскери төңкерістерге үйренген халық жаңа режимнің шынайы табиғатын, мәнін түсінбеді. Сонымен бірге ИСРП мен ВКТ диктатураға қарсы күрестен бас тартты, ал қанды репрессияларға ұшыраған анархистер НКТ-ны таратты. Компартия ғана жаңа режимге қарсылық көрсетуге шақырды, алайда оның бұқара арасында ықпалы әлсіз болды.

Жаңа режим ИСРП мен ВСдан басқа барлық саяси партиялар мен кәсіподақтарға тыйым салды.

Режимнің жүргізген саяси террорына қарамастан, 20-жылдардың ортасында буржуазия өкілдері де қосылған елде диктатураға оппозиция қалыптаса бастады. Диктатураға алғаш болып демократиялық бостандықтарды талап еткен зиялылар қарсы шықты. Ірі жазушылар – Мигель де Унамуно, Висенте Бласко Ибаньес, Антонио Мачадо, ғалымдар, профессорлар, студенттер диктатураны жек көрді, олар репрессияларға қарамастан оған қарсы шықты. Диктатураның бет-бейнесі ашылған сайын оппозициялық күштер нығая берді. Жұмысшылардың стачкалық қозғалысының белсенді бола бастауы ИСРП мен ВСТ басшылығын диктаторды қолдаудан бас тартуға мәжбүр етті. Анархо-синдикалистер террорды қайта жалғастырды. Диктатор елге шетел капиталының енуін тоқтатып, монополиялармен күресуге көмектеседі деп ойлаған монополистік емес буржуазия өзінің үмітінің бекер екндігін түсінді: шетел капиталдары әрдайым өсіп отырды, ал Примо де Риверaның мемлекеттік-монополистік үрдістері (мемлекеттік монополиялар - мұнай және темекі монополияларының және мемлекеттік банктердің құрылуы, ірі капиталистік кәсіпорындарға мемлекеттік қарыздардың берілуі, экономикалық дамуды жоспарлауға тырысуы т.б.) ең алдымен монополистік емес буржуазияның мүдделеріне сәйкес келмеді. Сонымен бірге «Ұлы Испанияны» құруға бағытталған

сыртқы саяси бағыттың күйреуі де монополистік емес буржуазияны оппозиция қатарына қосты. Шаруалардың арманы – жер алу және помещиктік езгіден құтылу жүзеге аспады, сондықтан шаруалар да диктатураға қарсы шықты. Каталондықтар автономия алу үшін табанды күрес жүргізді. 1926 және 1929 жылдары буржуазиялық оппозиция қарулы көтеріліс арқылы режимді құлатуға тырысты, алайда олар сәтсіз аяқталды.

Елде таптық қайшылықтар мен әлеуметтік жанжалдар, пролетариаттың ереуілдік қозғалыстары, шаруалар толқулары, студенттік тәртіпсіздіктер, армиядағы бас көтерулер күшейді. Примо де Риверaның Кортестің ізбасары деп жариялаған Ұлттық ассамблея шақырып айла жасауы да сәтсіз болды деуге болады, себебі оның іс жүзінде ешқандай билігі болмады, жаңа конституция жобасын жасау да көмектеспеді. Режим нің күні таусылған еді.

2. Испания әлемдік экономикалық дағдарыс жылдарында. XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы испан революциясының кезеңдері.

Примо де Ривера 1923 жылы мемлекеттік төңкеріс жасағанда американ тарихшысы Д. Рэтклиф айтқандай, ол Испанияның саяси тарихының уақытын тоқтатуға ұмтылды. Алайда елдің одан әрі дамуы 20-жылдардың аяғында бұл ұмтылыстың жүзеге аспағанын көрсетті, диктатура испан қоғамын қамтыған терең наразылықты реттей алмады. 1929 жылы басталған дүниежүзілік экономикалық дағдарыс онсыз да төмен еңбекшілер жағдайын одан сайын нашарлатты, ұсақ буржуазия жаппай күйзелді. «Примо де Ривера эквилибристиканың ғажайыптылығының арқасында билікте жеті жыл тұрды: ол корольді армиямен, ал армияны корольмен қорқытты, ал екеуін бірге алғанда, саяси және әлеуметтік революциямен қорқытты». Примоде Риверaның диктатурасының тұрақты болуын 1924-1929 жылдардағы капитализмнің тұрақтануы да белгілі бір дәрежеде қамтамасыз етті. Ал көкжиекте революцияның жақындауының алғашқы белгілері көріне бастағанда, саяси эквилибристика механизмі істен шыға бастады. Диктатура жылдары билікте болған финанс олигархиясы мен помещиктер Примо де Ривера режимінің елдегі әлеуметтік қайшылықтарды тереңдетіп, шиеленістіргеніне наразы болып, өсіп бара жатқан бұқаралық қарсылықты басу үшін диктатураны жойып, қайтадан конституциялық монархияға оралуға шешім қабылдады. Примо де Ривера диктатурасы тұрғындардың барлық топтарының ашу-ызасын, жек көрушілігін туғызды. Әскери округтер басшыларының өзі де Примо де Риверaны қолдаудан бас тартқанда, диктатор корольден отставка сұрап (1930 ж. 28 қаңтар), биліктен, елден кетуге мәжбүр болды.

Примо де Ривера диктатурасының құлауы оның Испания алдындағы тұрған міндеттерді шешудегі қабілетсіздігін, экономикалық саясаттың күйреуін, бұқаралық базаның болмауын, жұмысшы және ұлттық қозғалыстың өсуін көрсетті.

1931-1936 жылдардағы революцияның басталуы. Диктатордың билігі құлағаннан кейін билікте бұрынғысынша помещиктер мен ірі буржуазия блогы болды. Елдің бағытының түбірлі өзгеруіне ешқандай үміт болмады. Демократиялық революция пісіп жетіле бастады. Диктатор режимінің құлауы саяси бостандықтар мен буржуазиялық-демократиялық қайта құруларды талап еткен қозғалысты күшейтті. Бұған дейін испан халқы өз бақытсыздығының себебін диктатурадан

көрсе, енді ол құлағаннан кейін халық бұқарасының өсіп келе жатқан жек көрушілігі монархияға қарсы бағытталды., болашақтағы республиканы олар барлық зұлымдықтан, ауыртпалықтан құтылудың жолы деп білді.

Коммунистер монархияны халықтың жаппай бас көтеруі арқылы жоюды ұсынды және социалистерді бірігіп қимылдауға шақырды, алайда бұл ұсыныстар социалистер тарапынан қабылданбады . Осындай жағдайда 1930 жылы тамызда атақты курортты қала Сан-Себастьянда жеті республикалық (орта, ұсақ буржуазиялық) партиялар жетекшілері мен ИСРП республика үшін бірлесіп күресу туралы келісім – «Сан-Себастьян пактісіне» қол қойды. Пактіде монархияны құлату әскери төңкеріс түрінде, бұқараның қатысуынсыз өтуі тиіс деп көрсетілді. Республика үшін күрестің басқарушы органы - Революциялық комитет құрылды, ол он екі мүшеден тұрды, олардың ішінде белгілі саяси қайраткерлер М. Асанья («Республикалық альянстан»), Н. Алькала Самора (оңшыл республикашылдардан), С. Касарес Кирога (Галисиядан, самарқау республикашылдардан), И. Прието (социалистерден) болды. «Сан-Себастьян пактісінің» маңызы Республикалық антимонархистік күштердің бірлікке жетуінде, олардың республикаға өтуді жүзеге асыруға дайын екендігін көрсетті. Революциялық комитет төңкерісті 1930 жылы 12 желтоқсанға белгіледі. Алайда ең соңғы сәтте төңкеріс кейінге қалдырылды. Көтерілістің кейінге қалдырылғанын білмеген Хака гарнизонының офицерлері көтеріліс ұйымдастырды, бірақ ол қолдау таппай, жеңіліске ұшырады. Көтерілісті ұйымдастырушылар атылды, ал көптеген қатысушылары және Революциялық комитет мүшелері тұтқындалды.

1931 жылы 12 сәуірде муниципалды (жергілікті билік орындары) сайлау өткізілді, онда барлық ірі қалаларда республикалық партиялар ірі жеңіске жетті (49 провинциялық орталықтың 45-сінде). Бұл халықтың монархияны құлату жолындағы қозғалысын тездетті.Тұрғындар астананың көшелеріне «Король жойылсын!» деген ұрандармен шықты. Армия, полиция қару қолдануға батылы бармады. Елде өзін қорғайтын күштің жоқтығына көзі жеткен XIII Альфонс 14 сәуірде шетелге қашты. 1931 жылы 14 сәуірде Испания республика болып жарияланды. Испания тарихындағы Екінші республика орнады.

Испанияда буржуазиялық республиканың орнауы 1931-1939 жылдардағы испан тарихындағы алтыншы революциясының бастамасы болды. Оны тарихнамада кейбір ғалымдар сипатына қарай буржуазиялық-демократиялық (1931-1936 жж.) және халықтық-демократиялық (1936-1936 жж.) деп екі кезеңге бөледі. Сонымен бірге тарихнамада революцияны мынадай үш кезеңге бөлу де орын алған: бірінші кезең – 1931 жылғы сәуірден 1933 жылғы қараша аралығы, билікте – буржуазиялық республикашылдар мен социалистердің болған кезең. екінші кезең – 1933 жылғы қарашадан 1936 жылғы ақпан аралығы, оңшыл республикашылдар мен фашистік бағыттағы күштердің «қаралы екі жылдығы» кезеңі, үшінші кезең – 1936 жылғы ақпаннан 1939 жылғы наурыз аралығы - Халық майданы және азамат соғысы кезеңі. Біз өз жұмысымызда осылай бөлуді басшылыққа аламыз.

Революцияның бірінші кезеңі – 1931 жылғы сәуірден 1933 жылғы қараша аралығы – буржуазияшыл республикашылдар мен социалистер кезеңі.

Билік 14 сәуір күні кеште құрылған Уақытша үкіметке көшті.Оның құрамына оңшыл республикашылдар Н.Алькала Самора және М.Маура, радикалдар А.Леррус және Д.Мартинес Барриос, радикал-социалистер М.Доминго және А де Альборнос,

социалистер Ф.Ларго Кабальеро, И.Прието, Ф. Де лос Риос және Каталония мен Галисияның ұлттық партияларының өкілдері Н. д Ольвер мен С. Касарес Кирога кірді [20]. Үкіметті оңшыл Либералдық республикалық партияның жетекшісі, ірі жер иеленуші, 54 жастағы Н. Алькала Самора басқарды (ол 1931 жылғы желтоқсаннан 1936 жылғы сәуір аралығында президент болды). Үкімет мүшелері «1898 жылғы ұрпақ» идеяларын жақтады және бірте-бірте әлеуметтік-экономикалық реформалар арқылы Испанияның артта қалуын жоюға бағыт алды.

Жаңа құрылған үкімет пен республика алдында күрделі міндеттер тұрды. Испания артта қалған аграрлы ел еді. Өңделетін жердің 67 пайызы помещиктерге (2 пайыз) тиесілі болды, ал жеке меншік жері бар шаруалардың 86 пайызына жердің 15 пайызы ғана тиесілі болды, шаруалардың үлестік жерінің мөлшері 1 гектардан аспады. Елде 2,5 миллиондай батрактар болды, олардың көбі жұмыссыз болды. Арендатор- шаруалар помещиктер бассыздығына тәуелді болып, отбасын асырау үшін уақытша жалданып жұмыс істеді. Андалусияда помещиктердің орташа жылдық кірісі – 18 мың песет болса, ал шаруанікі – 161 песет болды. Деревняда феодалдық тәртіптер сақталынды, шаруа помещикке, шіркеуге және мемлекетке қатысты міндеткерліктер атқарды. Егіннің шығымдылығы өте төмен болды. Ауыл шаруашылығы радикалды реформа жүргізуді қажет етті.

Ұлттық мәселе де өз шешімін талап етті. Каталон, баскі, галисиялықтар Испания аумағының 15,6 пайызын алып, тұрғындары 6 млн. адам болды. Бұл ұлттарға автономия беруден монархияның бас тартуы әрдайым толқуларға әкелді, толқулар әсіресе Каталонияда күшті болды.

Армия мен флот помещиктер мен ірі капиталистер билігінде болды. Әрбір 10 солдатқа 1 офицерден келді, ал армияда жүздеген генералдар қызмет етті, ал қарулы күштердің жағдайы нашар болды : 80 солдаты бар полктер болды, ал кавалериялық бөлімдерде аттар болмады, танктер және қару-жарақтың жаңа түрлері болмады.

Европада ең төмен жалақы алған жұмысшы табының да жағдайын өзгерту қажет болды.Ұлт мәселесі өз шешімін талап етті.

Бұл мәселелерді буржузиялық партиялар мен социалистерден құрылған коалициялық үкімет қалай шешуге тырысты?

Республика тұтқындарға кешірім жариялады, сөз, жеке адам, ар-ождан, баспасөз және одақ құру бостандықтарын жариялады, кәсіподақтардың қызметіне рұқсат етті.Әлеуметтік шаралардың ішінде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында сегіз сағаттық жұмыс күні туралы

(шахтерлер үшін жеті сағаттық), әйелдер мен балалардың еңбек жағдайларын жақсарту, сақтандырудың кейбір түрлерін енгізу, кепілдік берілген ең төмен жалақы мөлшерін орнату, жұмыссыздарға жәрдем ақы төлеу үшін «Жұмыссыздыққа қарсы Ұлттық кассаны» құру, жалға алушылар мен ауыл шаруашылығы жұмысшыларының жағдайларын жақсарту туралы декреттердің маңызы зор болды. Барынша радикалды әлеуметтік саясаттың жүргізілуі еңбек министрі, ИСРП жетекшілерінің бірі, ВСТ-нің бас хатшысы, танымал жұмысшы жетекшісі болған Франсиско Ларго Кабальероның қызметімен байланысты болды.

Маусымда Құрылтайлық кортеске сайлау өткізілді, онда депутаттық орындардың көпшілігі социалистер мен солшыл республикашылдарға тиесілі болды.Республиканың Конституциясын жасау басталды. 1931 жылы қабылданған Конституция бойынша, Испания «еркіндік пен әділеттілік бастамаларына

негізделген барлық таптардың демократиялық республикасы » деп жарияланды. Конституция азаматтық бостандықтарды, әйелдердің құқықтарын, Шіркеудің мемлекеттен бөлінуін бекітті, дворяндық артықшылықтарды жойды, ұлттық саясаттың құралы ретінде соғыстан бас тартуды т.б. жариялап, Испан республикасын сол кездегі капиталистік мемлекеттер ішіндегі ең демократиялық мемлекеттердің біріне айналдырды.

Шіркеу мемлекеттен бөлінді, иезуиттер ордені таратылды, оның мүлкі тәркіленіп, басқа да монахтық ордендер мүлігі тәркіленетін болды. Шіркеуге саудамен, өнеркәсіппен және білім беру қызметімен айналысуға тыйым салынды. Шіркеуге қарсы бұл шаралар Шіркеу мен республика арасындағы жанжалды шиеленістірді. Оңшыл республикашыл министрлер, оның ішінде премьер-министр Алькала Самора да Шіркеуге қарсы шараларға қарсы шығып, 1931 қазанда отставкаға кетті. Либералдық публицист және белгілі шешен, солшыл республикашыл Мануэль Асанья премьер-министр болды. Солшыл республикашылдар басқа да басқарушы қызметтерге орнықты. Алайда республика Шіркеудің күші мен ықпалын жете бағаламады, бұл көп ұзамай революцияның барысына ықпал етті.

Ұлттық мәселе де жартылай шешілді.Үш облыс ішінен Каталония автономия алды. Автономия статусына сәйкес каталондықтар өз парламентін, өз үкіметін сайлады, ішкі саясатын дербес жүргізе бастады, каталон тілі ресми тіл статусын алды. Алайда басқа екі облыс – Баскілер елі мен Галисия ұлттық автономия ала алмады.

М.Асаньяның әскери реформасы техникалық жағынан артта қалған армияны модернизациялауды және жалақысын сақтай отырып, кез келген офицердің отставкаға шығуын енгізуді талап көздеді. Нәтижеде армияда офицерлер мен генералдардың саны қысқарды. Алайда үкімет басшысының армиядан консерваторлар кетеді деген сенімі ақталмады. Қарулы күштердің реакциялық генералдары жоғары басшы қызметтеде қалды.

1932 жылы қыркүйекте икемді аграрлық реформа басталды : жер иелігі муниципалдық округтің алтыдан бір бөлігін алып жатқан помещиктер жерлерінің азғана бөлігін сатып алу көзделді. Дворяндық артықшылықтардың жойылуымен бірге ақсүектердің жерлерін тегін иеленуге рұқсат етілді. Аграрлық заң Испанияның орталық, оңтүстік, оңтүстік-батыс аудандарының бір бөлігіне таралды.Шаруалар арасында жерлерді бөлу үшін Аграрлық реформа институты құрылды. Реформаның екі жылдығында латифундистер ие болған 10,5 миллион гектар жердің 118 мың гектары шаруаларға берілді.

Алайда буржуазиялық-демократиялық революцияның бірінші кезеңіндегі жағымды нәтижелерін одан әрі тереңдету және радикалдандыру қажет болды, себебі финанс олигархиясы мен ірі жер иеленушілердің экономикалық қуаты әлі сол күйінде сақталды, монополиялар мен банктердің құқықтары мен пайдасы шектелмеді.Шетел капиталының ықпалды позициясы сақталынды. Шіркеу мемлекеттен бөлінгенімен, оның капиталы, жерлері өзінде болды. Реакциялық генералитет өз қызметтерінде қалдырылды. Баскония мен Галисия автономия алмады. Үкімет республикаға қарсы және монархиялық ұйымдардың қызметіне тосқауыл қоймады. «Республиканы қорғау туралы заң» бойынша саяси ереуілдерге тыйым салынды. Жұмысшылар мен шаруалар баскөтерулерін басу үшін бұрынғы

мемлекеттік аппараттан қалған жандармерия қолданылды. Бұларға жауап ретінде еңбекшілердің наразылығы өсіп, 1933 жылдың күзінде билеуші республикалық коалицияда жіктеліс туды. М.Асанья отставкаға кетті, ал жаңадан құрылған оңшыл республикалық кабинетте социалистер болған жоқ. Жаңа премьер-министр кортесті таратып, 1933 жылғы қарашаға сайлау белгіледі. Бұл кезде буржуазиялық-республикалық партиялар бұқараның нақты қолдауына сүйене алмай, тұрғындардың белсенділігі эмоциялық сипатта болып, монархиялық мемлекеттілікті тез қиратуға бағытталды. Ал оңшыл партиялар блогы, керісінше, бірігіп, демократиялық лагерьдегі келіспеушіліктерді пайдалана біліп, 1933 жылғы қарашадағы кортеске сайлауда жеңіске жетті.

Революцияның екінші кезеңі - 1933 жылғы қарашадан 1936 жылғы ақпан аралығын қамтиды. Халық күресінің қуатты серпінінен үрейленген реакцияшыл күштер шабуылға шықты. Республикаға қарсы лагерь бірнеше ұйымдардан тұрды. Оның орталығы клерикалдар, помещиктер, оңшыл республикашылдар кірген бірыңғай саяси консервативтік блок – автономиялы оңшылдардың Испандық конфедерациясы (СЭДА) болды. СЭДА «дінді, отанды,отбасын, тәртіпті және меншікті қорғайтындығын» жариялады. Монархияны қолдаушылар үш монархиялық ұйымдар төңірегіне топтасты. Сонымен бірге бұл кезде Испанияда фашистік қозғалыс біріге бастады.

Испанияда республика орнағаннан кейін пайда болған алғашқы фашистік топтар испан контрреволюциялық топтарының ішіндегі ең әлсізі болды. Олардың негізін салушылар герман және итальян фашизмінің теориясы мен тәжірибесіне ашық түрде көңіл аударған ұлтшылдық бағыттағы әдебиетшілер болды. Олар ең алдымен жиырма алты жасар философ Рамиро Ледесма Рамос шығарған «Ла Насьон» және «Ла Конкиста дель Эстадо» төңірегіне шоғырланды.

1931 жылы 14 наурызда шыққан «Ла конкиста дель Эстадоның» алғашқы нөмірінде Ледесма Рамос және оның пікірлестері өздерінің мақсаттарын алғаш рет жариялаған саяси манифесі басылды. Бұл манифестің ережелері испан фашизмінің кейінгі бағдарламалық құжаттарының негізіне алынды: «Мемлекет толық, тұтас билікке ие болуы тиіс... Марксизм теориясы мен тәжірибесін түп-тамырымен құрту - біздің дәуіріміздің бұйрығы. Коммунистік қоғам мен мемлекетке біз сатылық принцип бойынша құрылған қоғам құндылықтарын, ұлттық идея мен нәтижелі экономиканы қарсы ұсынамыз. Испанизм құндылықтарын бекіту. Экономиканың синдикаттық құрылымы...Ескі мемлекетпен ескі режимнің ескі саяси-әлеуметтік топтарына қарсы тікелей іс-әрекет жасау әдісін қолдану».

«Либертад» газетінің 1931 жылғы 13 маусымдағы беттерінде заңгер Онесмо Редондо құрған « Испандық іс-қимылдардың Кастильдік хунтасы» өзінің өмір сүруі туралы жариялады. Хунта «ұлы және шын мәніндегі ерікті Испания» ұрандарын жариялады. Испаниядағы сәуір революциясынан аз уақыт бұрын О. Редондо Мангейм университетінің ұлтшыл-социалистерінің ықпалында болды. Ледосма Рамосты қолдаушылар мен Кастильдік хунтаны антимарксизм, шектен шыққан ұлтшылдық және революцияға сенімді кедергі құруға ұмтылушылық біріктірді. Қоғамдық құндылықтар жүйесінде католик шіркеуіне қатынасына және христиан дінінің орнына байланысты біраз келіспеушіліктерге қарамастан (Р.Ледесма Рамос антиклерикал болды, ал О.Редонда католик еді), екі топ бірігу туралы шешім қабылдап, ол жөнінде «Ла конкиста дель Эстаданың» 1931 жылғы 10 қазандағы

нөмірі беттерінде жариялады. Жаңа құрылған ұйым «Ұлтшыл-синдикализмнің шабуылдау Хунтасы» (ХОНС) деп аталды. Оның алғашқы бағдарламалық құжаттарының бірі болған «Вальядолиданың 16 пунктінде» ХОНС өз мақсаттары ретінде мыналарды жариялады: Испанияның толық бірлігіне жету (автономияға ұмтылушылық үрдістерді басу, әсіресе Каталониядағы), парламенттік режимді авторитаризммен алмастыру, діни дәстүрлерді құрметтеу, сыртқы экспансия жүргізу, марксизмді, либерализмді жою, мемлекеттің қамқорлығымен синдикаттар құру.

ХОНС-тың насихаты мен рәміздеріндегі көп нәрсе бұл ұйымды испан оңшылдарымен жақындастырды: дәстүрлі «испандық құндылықтарды» идеалдандыру, католиктік корольдер Изабелла мен Фердинанд кезіндегі Испаниямен масаттану, « ұлттық бірлікке » шақыру, либерализмді, сәуір республикасын және марксистік бағыттағы жұмысшы ұйымдарын жек көру. Алайда бұл ұйымның өзіндік айырмашылықтары да болды. Гитлер мен Муссолинидің жолын ұстаушы Ледесма Рамос, герман және итальян фашизмінің идеялары мен тәжірибесін испандық негізге енгізуге тырысты. Бұл «алғашқы фашиске » испан анархизмі мен анархо-синдикализмінің кейбір бағдарламалық қондырғыларын алуына кедергі болмады. Өз еңбектерінде, ең алдымен «Испаниядағы фашизм бе?» деген кітабында ол өзін өндіріс құралдарын өндірушілер синдикаттарына беруді жақтаушы ретінде көрсетіп, синдикаттарға біріккен жұмысшылар « елді қайта өркендетеді» деп үміттенді. ХОНС жеке террор мен анархистер мен анархо-синдикалистердің басқа да тактикалық тікелей іс-қимыл жасау әдістерін қабылдады. Алайда анархо-синдикализмнен айырмашылығы хонсшылдар мемлекеттік билікке сөзсіз бағынуды дәріптеді.Тек қана мемлекет өндірушілер синдикаттарына жоғарғы басшылықты жүзеге асыруы тиіс болды. Испан анархо-синдикализміне шектен шыққан ұлтшылдық, Испанияның империялық өткенімен масаттану тән болған жоқ.

Ледесма Рамостың мойындауы бойынша, «1932 жылы ХОНС-тың белсенділігі өте төмен болды». Алғашқы испандық фашистер саяси вакуум жағдайында болды. Олар экономикалық және саяси позицияларын сақтауға тырысқан топтарды өз бағдарламалары арқылы өздеріне тарта алмады.

Республиканың жариялануымен Испанияда революция аяқталған жоқ, керісінше, революция енді басталды.

Республика жаулары лагерінде католиктік «Эль-Дебате» газетінің шығарушысы А.Эррера құрған «Халықтық іс-қимыл» деп аталған оңшыл клерикалды ұйымның үлкен ықпалы болды. Бұл ұйым тікелей мағынасындағы саяси партиядан гөрі А. Эррера үлгі ретінде алған бельгиялық католиктік одақ сияқты, бұл буржуазияның, аграрийлердің, кәсіподақтардың және католиктік ассоциациялардың түрлі бағыттағы ұйымдардың блогы болды. «Халықтық іс-қимылдағы» жетекшілік 1931 жылы күзде А.Эррера келісімімен Саламан университетінің профессоры және кортес депутаты Х.М. Хиль Роблеске көшкеннен кейін де, бұл бірыңғай бағдарламасы бар саяси партия бола алмады. Болашақ мемлекеттік биліктің сипаты туралы мәселеде бірыңғай пікір болмады. Ал А.Эрреаның өзі монархиялық немесе республикалық басқару формасы туралы мәселенің қойылуы әлі ерте деп түсініп, қозғалыстың негізгі мақсаты конституцияны қайта қарау, Құрылтай кортесін тарату, жаңа сайлау жүргізу деп білді.

Түрлі бағыттағы «идеялардың» блогы болған бұл ұйымның біріктіруші негізі шіркеуді және Испанияны «дінсіздерден» қорғауға шақыру болды. Бұл ұрандар өз қолдаушыларын тапты да. Солшыл республикашылдардың бүкіл саяси бағдарламасына енгізілген жаугерлік антиклерикализм, шіркеудің мемлекеттен бөлінуін, иезуит орденінің таратылуын, барлық діни ордендерге өнеркәсіппен, сауда, білім берумен
айналысуға тыйым салушылық айтылған 26-баптың енгізілуі шаруалардың көпшілігі және қала тұрғындарының бір бөлігі діндарлар болған, олардың санасына ғасырлар бойы католик шіркеуі елдің тірегі деп тәрбиеленген Испанияда республиканың тағдыры үшін теріс салдарларға әкелмей қоймады.

«Ұлттық іс-қимыл» деген атын «Халықтық іс-қимылға » өзгерткен Х. М. Хиль Роблес басқарған клерикалды (діни) ұйымдар біраз ұйымдастырушылық шаралардан кейін 1933 жылы наурызда Мадридте өткен съезінен кейін автономды оңшылдардың Испандық конфедерацифсы (СЭДА) деп аталды. Оған кірген ұйымдар өз міндеттері етіп католиктердің сезімдері мен мүдделерін кортестің антиклерикалды ниеттерінен қорғауды жариялады. СЭДА-ның нақты экономикалық бағдарламасы болмады, себебі оған біріккен Кастилияның ірі помещиктерінің, Солтүстіктің ұсақ шаруа-меншік иелерінің, сол кездегі аздаған католиктік кәсіподақтар мен кооперативтердің экономикалық идеалында ортақ, жалпылама нәрсе болмады. Хиль Роблес және СЭДА-ның басқа да басшылары өздерінің сөйлеген сөздерінде негізінен 30-жылдардағы әлеуметтік католицизмнің кез келген ағымында кездесетін жалпылама принциптерді – дінді, отанды, отбасын, тәртіпті және меншікті қорғауды насихаттаумен шектелді. Сонымен бірге СЭДА-ның аморфты сипаты оның уақыт өте фашистік ұйымдармен ұласуына ықпал етті.

Парламенттік-өкілділік жүйесі принциптерінен бас тартпаған және күресудің жария әдістерін ұстанған СЭДА-ға қарағанда оңшылдар лагерінде барған сайын авторитарлық үрдістерді жақтаған партиялар мен ұйымдардың ықпалы өсе берді. 1933 жылдың басында монархистер «Испандық жаңару» партиясын құрды. Бұл элитартық ұйым болып, бұқараны өз жағына тарту мақсатын қоймады, республикамен күрестің парламенттік емес жолына алғаш түскен реакциялық лагерьдегі армияның реакциялық топтарымен алғаш тығыз байланыс жасағандардың бірі болды.

Германияда Гитлердің билікке келуімен испан оңшылдары фашизмнің мәні мен мақсаттарына назар аудара бастады. Әсіресе оның герман жұмысшы қозғалысын басып, буржуазиялық-парламенттік құрылыс құрылымын бұзуына ерекше көңіл аударылды. Оңшылдардың герман және итальян фашизмінің тәжірибесіне ерекше көңіл аударғанына Р.Маэстің, Э.Аунастың, Х.Кальво Сотелоның, А.Гойкоэчеаның т.б. сөйлеген сөздері, мақалалары, еңбектері дәлел. 1933 жылы көктемде бұрынғы диктктордың үлкен баласы, журналист және заңгер Хосе Антонио Примо де Ривера (1903-1936) фашистік партия құра бастайды. Ол өзінің саяси карьерасын 1930 жылы мамырда монархистердің Ұлттық одағының вице-хатшысы ретінде бастайды. Алайда көп ұзамай Примо де Ривера өз ұйымының мұраты мен іс-қимыл жасау үлгісінен көңілі қалып, бұл ұйымнан шығады.

Хосе Примо де Ривера фашистік партия құру және оны қаржыландыру туралы өз әкесінің ізбасарларымен, испан қаржы әлемінің өкілдерімен, ұлтшылдық идеологияның шектен шыққан бағыттарын ұстанушылармен, Гитлер мен

Муссолиниді ашық қолдаушылармен келіссөздер жүргізеді. Алайда фашистік қозғалысқа мүдделі болған испандық іскерлік әлем өкілдерін Примо де Риверо өзінің жеке тұлғасы қанағаттандырмады. Олардың ойынша фашистік жетекші Муссолини сияқты «халықтан шыққан» немесе Гитлер сияқты «бұрынғы майдангер» болуы тиіс еді. Ал Хосе Антонио Примо де Ривера – маркиз, дәстүрлі офицерлік отбасынан шықты, журналист және заңгер болатын (ол Мадрид адвокаттар коллегиясының мүшесі еді), ол тіптен «интеллектуалдық қызметтер» иесі болғандықтан, олардың ойынша, жетекші ретінде бола алмайтын еді, ал оның, яғни бұрынғы диктатордың ұлының сәуір республикасының қас жауы болатындығына ешкім күмән келтірмеді.

Руис де Альда және Ансальдо, Примо де Ривера қатысқан Сан-Хуан де Лустағы мәжілісте испан фашистік партиясын құру туралы түпкілікті келісім жасалды. Бұл партияның қызмет ете бастауы 1933 жылғы 29 қазаннан басталады.

Примо де Ривера партияны құру мәжілісіндегі сөйлеген алғы сөзінде Германия және Италияның түрлі фашистік идеологтарынан алынған «сыр ашулары» туралы айтты. Ол өзі құрып отырған партияның антипартия ретінде болатындығын, оның не солшыл не оңшыл болмайтындығын айтқанымен, оның антипарламентаризм қағидалары республикаға қарсы лагерьдің барынша оңшыл ағымдарының бағдармалық негіздеріне сәйкес келді. Мәжіліске жиналғандарға Примо де Ривера саяси партиялар – адам табиғатына жат нәрсе деп, сондықтан өзі құрған ұйым партияларды жоюға тырысатындығын түсіндірді. Шешен «экономикалық либерализді» көптеген бақытсыздықтың себебі деп айыптағанымен, ХОНС жетекшілеріне тән антикапиталистік ұрандарды көп пайдаланбады, нәтижеде хонсшылдардың жалған радикалды демагогиясына сенімсіздікпен қараған консервативтік лагерь топтарының оны жақсы ниетпен қабылдауын қамтамасыз етті.

1933 жылғы 2 қарашада өткен атқарушы комитеттің алғашқы мәжілісінде жаңа фашистік партия «Испандық фаланга» деп аталды. Мүшелерінің санының аздығы, тұрғындардың көптеген топтарының арасында ықпалының болмауы фашистік топтар жетекшілерін бірігуге итермеледі.

1934 жылы 13 ақпанда ХОНС-тың Ұлттық кеңесі фалангамен бірігу туралы шешім қабылдады. Бірігудің өзі 4 наурызда жүзеге асып, біріккен партия « Испан фалангасы және ХОНС » деп аталды.Өз кезегінде Ледесма енгізген эмблемалар: қызыл-қара жалау, жарма және жебе белгілері, «Арриба» ұрандары т.б. жаңа ұйымның ресми белгілері болып қабылданды. Жаңа құрылған ұйымды үштік – Х.А. Примо де Ривера, Р. Де Альдо, Р.Ледесма басқарды». «Испан фалангасы және ХОНС-тың» мақсаттары мен міндеттері ХОНС журналының сәуірдегі нөмірінде жарияланып, былай деп анықталды: «Отанды біріктіру. Тікелей іс-қимыл. Антимарксизм. Антипарламентаризм». Ең ақырында «шаруаларды, жұмысшыларды, барлық ұсақ өндірушілерді азат ететін экономикалық революция» жасау туралы тұманды пиғыл айтылды.

1934 жылы мамырда Примо де Ривера нацистік Берлинге барады. Испан фашизмінің тарихшысы С.Пейннің фаланга «ардагерлерінің» ескеткіштеріне сүйене отырып, Хосе Антониоға Германиядағы насихат тілі, не халқы, не ұлтшыл-социалистік партия, ешқайсысы ұнамағандығын айтады. Алайда Примо де Ривера осы Берлинге сапарынан кейін фаланганың қызметін жұмысшыларға қарсы

«әскери» іс-әрекеттермен шектеп, ал билік үшін күрес алаңын басқа оңшыл күштерге қалдыруға тырысқан фалангашылдармен қатынасты үзеді.

1933 жылға қарай елде жағдай тынышсыз бола бастады. Демократиялық республиканы біріктіру ісінде солшыл республикашылдар мен социалистер жеткен табыстар бір жақты болып, тұрақсыздана бастады. Түбірлі әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар жүзеге асырылмады. Оңшыл реакцияшыл күштер республикашылдармен ашық күреске көшті, ал республиканың негізгі қорғаушылары – жұмысшы табы жіктеліс жағдайында болды.

Бұл кезде Испан Коммунистік партиясының қатарында сектанттық басшылық пен марксизм-ленинизмді жақтаушылар арасында өткір күрес жүрді. 1932 жылы Орталық Комитеттің бас хатшысы болып севиль жұмысшыларының ұйымдастырушысы Хосе Диас (1895-1942) болып сайланды, ал ОК-тің хатшысы дарынды шешендігі үшін испандықтар «Пасионария» («Жалынды») деп атаған Долорес Ибаррури болды. Коммунистер заводтар мен фабрикаларда насихаттық және ұйымдастырушылық жұмыстарды өрістетіп, шаруалар арасында өз қызметтерін жандандырды. Партия тез өсіп, бірте-бірте демократиялық революция жағдайында бұқараны басқару тәжірибесін жинақтай бастады. Компартияның маңызды міндеті жұмысшы табының бірлігін қамтамасыз ету болды және жұмысшы ұйымдарына күштерін біріктіру ұрандарын тастады. Алайда компартияны азғана күш деп есептеген социалистер, анархо-синдикалистер бұл ұсыныстарды қабылдамады. Испан социалистік жұмысшы партиясының басшылары реакция күштерін, оның қаупін жете бағаламады. Республиканың тұрақтылығына және кортес пен жергілікті өзін-өзі басқаруда өз позицияларының тұрақтылығына сенген олар неміс социал-демократтарының тағдыры оларға төнбейді деп есептеді.

Бұл елдің тағдыры үшін қауіпті, апатты салдарға әкелді. 1933 жылғы қараша және желтоқсандағы кортеске сайлауда солшыл республикашылдар мен социалистер жеңіледі. Осы желтоқсан айында құрылған А. Леррус (1864-1949 жылдары өмір сүрді, радикалдар партиясының жетекшісі, 1933-1935 жылдары премьер-министр болды) үкіметі революцияның бастапқы жылдарындағы заңдарды жойды, сондықтан бұл үкімет қызметі кезеңін «контрреформалар республикасы» немесе «қаралы екі жылдық» деп атайды. Елде төтенше жағдай енгізілді, ереуілдердің барлық түрлері заңсыз деп жарияланды. Аграрлық реформа тоқтатылды. Мемлекеттік аппараттан, армия, муниципалитеттерден солшыл элементтер қуылды. Прогрессивті ұйымдар, баспасөз қудаланды. Шіркеуге оның құқықтары қайтарылды. Жұмысшылар мен батрактар жалақылары бірден төмендеді, помещиктер жалгерлерді жерлерден қуды. Кортес режимге қарсы шыққандарға өлім жазасын қолдануды және реакционерлерге кешірім беру туралы заң қабылдады. Басконияның автономия сұрауы қабылданбады. Елдің экономикалық жағдайы ауыр болды. 1934 жылы елде 1,5 миллиондай жұмыссыз болды. Алайда үкіметтің бұл төтенше шараларына қарамастан Испанияның жұмысшы қозғалысы тоқтамады. Бұл испан пролетариатының экономикалық және саяси бас көтеру кезеңі болды, оның барысында антифашистік күштердің бірлігі қалыптаса бастады. Антифашистік демонстрацияларға шақырған ықпалы күннен күнге өсе түскен коммунистік партия болды.

Мүшелерінің саны үш мың адамнан енді ғана аса бастаған Фаланга өзінің санының аздығын жұмысшы қозғалысына қарсы аяусыз күрес жүргізу арқылы

орнын толтыруға тырысты. Фалангашыл милиция терроры өсе берді, көптеген коммунистер мен социалистер оның құрбанына айналды. Радикалдар үкіметі басынан аяғына дейін қаруланған фалангалық жастар отрядтарына мазасыздана қарады. Өсіп келе жатқан жұмысшы қозғалысын дәстүрлі құралдар – армия мен полиция арқылы басуға үміттенген үкімет арасында фалангашылдардың қаруларын тартып алу туралы да нұсқаулар берді. Сонымен бірге Германияда нацизмнің билікке келуіне байланысты испан республикалық партиялары жетекшілерінің, әсіресе радикалдардың мақсаттары герман және итальян фашизмімен ұқсас болған фалангашылдарға қауіптене қарауға мәжбүр болу фактісіне де көңіл аудару қажет. Республиканың үш жылдығына байланысты 1934 жылы сәуірде өткен бірқатар қанды қақтығыстардан кейін үкімет жарлығы бойынша фалангашылдардың көптеген жергілікті орталықтары жабылды.

Хиль Роблес 1934 жылы 9 қыркүйектегі кортесте сөйлеген сөзінде радикал Сампер үкіметін елде тәртіпті қамтамасыз етуге қабілетсіз деп айыптап, СЭДА-ның билікті өз қолына алу ниетін білдірді. 1 қазанда Самперо үкіметі отставкаға кетті. 2 қазанда СЭДА-ның үш мүшесі енгізілген жаңа үкімет құрылды. Бұған наразылық ретінде жұмысшы альянсына кірген барлық ұйымдар 4 қазан күні жаппай ереуіл жариялады. 5 қазан күні ереуіл бүкіл елге жайылып, тек қана медициналық мекемелер жұмыс жасады. Мадридте, Бискайда, Каталония және Астурияда жаппай ереуілдер қарулы көтерілістерге ұласты. Үкімет елді қоршау жағдайында деп жариялады. Ф.Ларго Кабальеро басқарған Мадрид ревкомы, социалистер билікті басып алуға ұмтылды. Казармаларға, почтамп, Ішкі істер басқармасы және қорғаныс министрлігі ғимараттарына шабуылдар жасалды, алайда күш тең емес еді, армия мен полиция күштері көтерілген мадридтіктерді талқандады. Бискай ауданында көтерілісшілер бірнеше казарма мен муниципалитеттерді басып алды, алайда апта ішінде жаяу әскер полктері және артиллерия көтерілісті басты. Каталония тұрғындары орталық үкіметке бағынудан бас тартты, буржуазиялық ұлтшылдар тәуелсіз Каталония республикасын жариялады. Бұл жерде бес күнге созылған үкімет әскеріне қарсы тең емес күрес жүрді, ақыры көтеріліс басылып, республика жойылды.

1934 жылғы қазандағы күрестің ең жоғары өрлеуі Астурия облысындағы қарулы күрес болды. Көмір өндірудің және металлургиялық өнеркәсіптің орталығы болған қарулы көтеріліс 5 қазанға қараған түні басталып, 15 күнге созылды. Шахтерлер өнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысшылары Астурия астанасы болған Овьедо қаласынан басқа аумақтағы билікті басып алды. Басқа аймақтардан өзгеше мұнда коммунистер , социалистер мен анархистер қатысқан астуриялық ревком құрылды,оладың көзқарастарындағы бірлік, келісіп, іс-қимылдардың жасалуы арқасында көтерілісшілер бастапқыда табыстарға жетті.Көтерілісшілер қоғамдық тәртіпті, транспортты, байланысты қорғауды ұйымдастырды, тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етуді ретке келтірді, шаруаларға жер бөліп беру туралы декреттер шығарды, жауынгерлік отрядтарын – Қызыл гвардияны ұйымдастырды. Овьедо қаласын алу үшін шайқас бірнеше күнге созылды, көтерілісшілер қаланың бір бөлігін ғана алды. «Қызыл» Астуриямен күресу үшін үкімет марокколық әскери бөлімдерді және генерал Франко басқарған шетелдік легионды шығарды. Астурия пролетариаты қаһармандық көрсетті. Бірақ бүкіл ел көлемінде жұмысшы табының жікке бөлінуінің , біртұтас бағдарлама мен қажетті ұйымшылдықтың болмауының

салдарынан антифашистік көтеріліс жеңіліске ұшырады. Көтерілісшілердің наразылығы қанға боялды, 10 мыңдай адам өлді не жараланды, 30 мыңдай адам тұтқындалды. 1934 жылғы қазан оқиғалары фашизммен күрес табысты болу үшін барлық антифашистік күштердің, олардың партияларының бірігуінің қажеттігін көрсетті.

Астуриядағы көтеріліс басталмастан бірнеше сағат бұрын Мадридте фалангашылдардың аймақтық және ұлттық жетекшілерінің Ұлттық кеңесі алғаш рет жиналды. Алдағы оқиғаларда ұйымның стратегиясы мен тактикасы, орны туралы келісім жасау ұйғарылды. «Испан фалангасы және ХОНС –тың» көсемі болып Примо де Ривера сайланды.

1934 жылы қарашада Примо де Ривера тағайындаған фаланганың саяси хунтасы оның бағдарламасының жобасын жасады.

Бағдарлама барлығы 27 пунктен тұрады. Олардан мистикалық ұлтшылдық пен Испанияның әлем тағдырындағы мессиандық роліне дәмесі сезілді. Примо де Риверaның ойы бойынша осы ұлтшылдық бір-біріне жау таптарға айналған испан қоғамын біріктіруші элемент болып, үстем таптар, помещиктер, ірі буржуазия үшін де, ұсақ буржуазиялық испандық бұқара үшін де қажет саяси тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етуі тиіс делінді. Бағдарламаның жасалуына итальян фашизмінің құжаттары да ықпал етті. «Біз Испанияның жоғарғы, шынайы мәніне сенеміз. Оны нығайту, көтеру – барлық испандықтардың маңызды ұжымдық міндеті. Бұл мақсатқа жеке, топтық, таптық мүдделер сөзсіз бағындырылуы тиіс» (1 пункт). Көптеген фалангашылдар дінге сенбейтіндер болғанына қарамастан, бағдарламаның авторлары «католицизмнің тарихи құндылықтарына » үлкен маңыз берді. Католиктік діни-наным сенімге оның «қасиетті дәстүрлігіне және Испаниядағы негізгі роліне» байланысты ұлттық қайта құрылымда ерекше орын берілді (25-пункт).

Бағдарламаның көптеген пунктері республиканың институттары мен заңдарына қарсы күреске, ең алдымен «Каталондық статутпен» күреске қарсы шақыру түрінде көрінеді: «Испанияның бірлігі тағдыр бойынша алдын ала белгіленген. Кез келген сепаратизм қылмыс болып табылады, біз оған жол бермейміз. Бытыраңқылыққа жол ашқан өмір сүріп тұрған Конституция Испанияның бірлігіне нұқсан келтіруде. Сондықтан біз оның тез арада жойылуын талап етеміз» (2-пункт). «Біздің мемлекетіміз ұлттың бірлігіне қызмет ететін тоталитарлық құрал болады. Барлық испандықтар отбасы, муниципия және кәсіподақ мүшелері ретінде мемлекеттік істерге қатысады. Ешкім мемлекеттік істерге саяси партиялар арқылы қатыспайды. Саяси партиялар жүйесі және парламентаризм аяусыз жойылуы тиіс ...» (6-пункт).Таптық күрестің кең қанат жаюынан буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық топтардың қорқынышын көрсеткен бағдарлама кәсіпорындарды мемлекеттік жүйеге «шоғырланлыру» жобасын ұсынды: 9-пункт бойынша , бүкіл Испания өндірушілердің алып кәсіподағына айналады, вертикаль кәсіподақтардың мемлекеттік жүйесі қоғамның корпоративті ұйымдасуының негізі болуы тиіс.

12-пункте « адамдардың азғантай тобы байлыққа белшесінен батып жатқанда, бұқараның кедейшілікте өмір сүруін болғызбау» туралы айтылды ; алайда бағдарламада маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу ұсыныстары нақты айтылмады. Бағдарламада елдің жаңаруына шіркеуді қатыстырудың қажет

екендігі айтыла келіп, нацизмді католицизммен үйлестіруге тырысушылық байқалады. Фаланганың кең әлеуметтік базасы болған жоқ, оны әскерилер қолдады. Испан фашизмінің өзіне тән ерекшелігі – оның ірі помещиктермен және католик шіркеуінің басшыларымен тіл табысып, солардың мүдделерін қорғауы болды.

Примо де Ривера ұйымның жалғыз және талассыз жетекшісі болуға ұмтылды. Ледесма Рамосты өзінің негізгі бәсекелесі ретінде көрген Примо де Ривера саяси хунтаның 1935 жылғы қаңтарда оны фалангадан шығаруына қол жеткізеді.

Бұл кезде фаланганың ұйымдық құрылымы түпкілікті қалыптасты. Оны мүшелері екі категорияға бөлінді, олар «саптар» деп аталды. Алғашқысына ресми тізімге енгізілген белсенді мүшелері кіргізілді. Оларға фашистік милиция отрядтарының мүшелері кірді, олар жұмысшы қозғалысының белсенділерін өлтірді, демократиялық институттарға қарсы қатал күрес жүргізді. Екінші «сапқа» фалангаға финанстық көмек көрсеткен белгілі бір себептермен «құпия» жағдайда болуды қалаған фалангамен қарым-қатынас жасауды қалағандар жатқызылды. 1935 жылдың басында фаланганың белсенді мүшелерінің саны 5 мыңға адамға жетті, олардың үштен екісі 21 жасқа дейінгілер болды.

Көптеген фалангашылдардың идеологиялық дайындығы төмен болды, олар ультраұлтшылдық көзқарастарда болып, «солшылдарды», «сепаратистерді», яғни Каталония, Баскония және Галисияның автономиясын жақтаушыларды жек көрді. Бірінші «линияның» әлеуметтік құрамына келсек, мысалы, 1936 жылғы ақпанда мадридтік фаланга негізінен ұсақ буржуазиялық топтардан: қызмет көрсету саласының жұмысшылары мен қызметкерлерінен (431), кеңсе қызметкерлерінен (315), шенеуніктерден (106), студенттерден (38), ұсақ кәсіпкерлерден (19), маманданған жұмысшылардан (114), офицерлер мен ұшқыштардан (17) және әйелдерден (63) тұрды.

Басқа қалаларда жағдай өзгешелеу болды: университеттік орталықтарда фаланга құрамына буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық топтардан шыққан біраз студенттер кірді. Өнеркәсіпті орталықтарда, экономикалық дағдарыс салдарларынан әлі айықпаған люмпендер мен жұмыссыздар фалангашылдарға қосылды. Фаланга құрамында офицерлердің маңызды топтары да, оның ішінде подполковник Ягуэ де болды.Мадрид пен Вальядолиданың ұйымдары ірі құрылымдар болды. Каталонияда, Баскілер елінде және Балеар аралдарында фалангашылдардың саны аз болды. Парад, демонстрациялар және басқа да жария акциялар кезінде фалангашылдар көк көйлек киді.

Фаланганы Ұлттық кеңес басқарды, ол өзінің атқарушы органы – саяси хунтаны сайлады.Фаланганың аумақтық бөлімшелерін «хефес локале» және «хефес провинсиалес» басқарды. Фаланганың бірінші бас хатшысы болып Фернандес Куэста болып сайланды.

1934 жылғы қазан шайқастары елдің демократияшыл күштерін біртұтас антифашистік майданға біріктіріп, революцияны одан әрі өрістетуге жағдай жасады. 1935 жылы мамырда үкіметке СЭДА мүшелері енгізілді, ал Хиль Роблес әскери министр болды. Испания жаңа революциялық өрлеу қарсаңында тұрды, оның белгілері барлық жерде көріне бастады. Прогрессивті күштердің өлім жазасына кесілген астуриялық көтерілісшілерді қорғау үшін, тұтқындалғандарға кешірім беру жолындағы күреске компартияның белсенді қатысуы көп жылдар бойы жүргізілген

антикоммунистік насихатты жоққа шығарды. Компартия өзін жалпы ұлттық мүддені көздеуші ретінде көрсетті.

1935 жылы 1 маусымда үкімет елде төтенше жағдайды жойып, солшыл партиялар қызметіне рұқсат берді. Келесі күні Мадридте өткен митингіде сөз сөйлеген Испан Коммунистік партиясының бас хатшысы Хосе Диас фашизмге қарсы күресуге дайын қоғамның барлық топтарын біріктіретін Халық майданын құруға шақырды. Сонымен бірге бұл кезде контрреволюциялық күштер сәуір республикасын жоюға асықты. Бірақ реакция лагерінде толық бірлік болмады. СЭДА-ны қолдаушы күштер мақсатқа жетуде конституциялық жолды таңдады.

Испан әскери одағының қарулы төңкеріс туралы жоспарлары Примо де Риверaға белгілі болғанда, ол оның басшыларымен байланыс жасауға тырысты. Примо де Риверaның сол кездегі хаттарынан көрінгендей, оның ойынша республикаға қарсы бүлік және әскерилер қолымен республикалық үкіметті құлату фаланганың билікке келуіне жол ашады деп есептеді.1935 жылы 16 маусымда фаланга жетекшілері бүлік бастау туралы шешім қабылдады, олар мұны Испанияны коммунизмнен құтқарудың бірден бір құралы деп санады.

1935 жылғы шілде-тамызда Коминтерннің VII-Конгресі болды. Конгреске қатысушылар фашизм жолын бөгеу үшін прогресшіл күштердің коалициясын құру қажет деген шешімге келді. Конгресс шешімдері Испанияға да әсер етті. 1935 жылы жаз-күзде солшыл күштер коалициясы қалыптаса бастады.

1935 жылы желтоқсанда кезекті үкіметтік дағдарыс туды. Бірнеше күннен кейін республика президенті Н.Алькала Самора кортесті таратып, 1936 жылғы 16 ақпанға жаңа сайлау белгіледі.Сайлау науқаны шиеленісті жағдайда басталды. Халық майданын құру туралы коммунистердің бірнеше ұсыныстарынан кейін социалистік партияның жетекшілері, буржуазиялық республикашылдар компартиямен бірлесе отырып, 1936 жылғы 15 қаңтарда тарихқа «Халық майданы пактісі» деген атпен енген құжатқа қол қойды. Сөйтіп, фашизмге қарсы жұмысшы табы мен шаруалардың, қаланың ұсақ және орта буржуазиясының, сондай-ақ прогресшіл зиялылардың одағы қалыптасты.

Халық майданының бағдарламасы саяси тұтқындарға кешірім берілуін, жұмысшыларды қуғындаушылардың айыпкерлерін жазалауды, аяқасты етілген демократиялық бостандықтарды қалпына келтіруді, еңбекшілердің жалақысын көбейтуді, шаруалар мен батрактарға жер берілуін, салықтар мен жалға алу төлемін кемітуді, ұсақ өндіріс пен сауданы қолдауды, Баскілер елі мен Галисияға автономия беруді талап етті.

1935 жылы желтоқсанда фаланганың саяси хунтасы идеологиялық тәуелсіздігін сақтай отырып, оңшыл партиялар жағында сайлауға қатысу туралы шешім қабылдады.

Алайда оңшылдар фалангашылдарды өз сайлау тізіміне енгізуге асықпады, СЭДА жетекшілерінің пікірі бойынша фаланганың бұқара арасында саяси ықпалы шектеулі болғандықтан, олардың есебінен дауыс саны көбеймейді деп санады. Фалангашылдар мен Хиль Роблес арасындағы келіссөздер 1935 жылы желтоқсанда басталып, нәтижесіз аяқталды. Енді фалангашылдар өз сайлау тізімдерін жасап, сайлауға қатысты. Бірақ сайлауда олар 40 мың дауыс ғана жинады. Мадридтен басқа тағы да алты сайлау округіне тізімін енгізген Примо де Риверaның өзі де кортеске өту үшін қажет дауыс санын ала алмады. 1936 жылғы 16 ақпандағы сайлауда Халық

майданы партиясының блогы ірі жеңіске жетіп, кортестегі кортестегі 474 орынның 269-ын жеңіп алды.

Бұрынғы оңшыл центристік үкімет орнына Мануэль Асанья (1880-1940 жылдары өмір сүрді, жазушы, монархияның құлауына әкелген республикалық қозғалыстың жетекшілерінің бірі, 1932-1933 жылдары және 1936 жылы – үкімет басшысы болды, 1936-1939 жылдары Испан республикасының президенті болды) басқарған Халық майданына сүйенген солшыл республикашыл партиялар өкілдерінің үкіметі келді.

Билікке Халық майданының келуімен *революцияның үшінші кезеңі* басталады.Үкіметке социалистер кірген жоқ. Кейін М.Асанья президент болып сайланғаннан кейін, үкіметті социалист Касарес Кирога басқарды. «Қаралы екі жылдық» кезіндегі декреттер жойылды, саяси тұтқындалғандарға кешірім жарияланды, саяси көзқарастары үшін жұмыстан шығарылғандарға компенсация төленіп, қайта жұмысқа алынды. Аграрлық реформа қайта қолға алынды. 1936 жылғы ақпан мен шілде аралығында шаруалар 712 мың га жер алды (революцияның алғашқы екі жылындағы 118 мың гектарға қарағанда). Еңбекшілердің экономикалық жағдайлары біршама жақсарды. Бұл шаралар прогресшіл күштердің, ең алдымен бүкіл жұмысшы табының айқындамасын нығайтты. Испандықтарды революциялық эйфория көңіл-күйі қамтып, саяси белсенділіктің кең тараған формасы бұқаралық демострациялар болды. Халық майданы партиясында бірігуге ұмтылыстың өсуі жалғасты – жастардың коммунистік және социалистік федерациясы бірікті, Каталонияда төрт жұмысшы партиялары бір партияға бірікті. Испан компартиясы барлық жұмысшы ұйымдарын біріккен іс-қимылдар жасауға шақырды. 1936 жылдың бірінші жартысында КПИ мүшелерінің саны үш есе өсті.

Кортеске сайлау қарсаңында антифашистік күреске еңбекші халық пен ұсақ, орта буржуазияның бір бөлігін біріктіре білген жұмысшы табының революциялық белсенділігі оңшылдардың билікке парламенттік жолмен келу мүмкіндігін жойды.

Фаланга басшылығы, басқа да оңшылдар сияқты сайлаудан кейінгі алғашқы сәтте абыржушылық жағдайында болды. Алайда көп ұзамай фалангашылдар өз-өзіне келе бастады. Батыс германдық тарихшы К.Меркестің айтуы бойынша, «16 ақпандағы сайлаудан кейін жеңілген партиялардың экстремистері қаруға қол қойды» дегенде, бұны ең алдымен фалангашылдар әскери отрядтары туралы деп түсіну қажет. 13 наурызда фалангашылдар тобы көрнекті социалист, 1931 жылғы конституцияның авторы – Хименес де Асуаға қастандық жасауды ұйымдастырды. 14 наурызда фалангаға тыйым салынды, ал келесі күні премьер-министр М.Асанья Примо де Риверaны ұйымның басшысы ретінде тұтқындауға бұйрық берді. Онымен бірге фаланганың саяси хунтасының мүшелері де қамалды. Примо де Ривера түрмеде отырып-ақ сыртқы дүниемен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алғаннан кейін, ол фаланга бөлімшелеріне жасырын жағдайға өтіп, өз қызметтерін қайта құруға нұсқау берді.

Бұған дейін фалангаға сенбеген оңшылдар Халық майданы жеңіске жеткеннен кейін парламенттен тыс күрес жолына түпкілікті көшіп, енді фалангаға фашистік төңкерістің құралдарының бірі ретінде қарай бастады. Фернандес Куэстінің айтуы бойынша, 1936 жылғы ақпаннан кейін оңшылдар өз позициясын өзгертті. Олардың фаланганы қаржыландыруы күшейді. Мырзалықпен берілген жәрдем ақыдан кейін 1936 жылғы мамыр-маусым аралығында фалангалық милиция

(негізінен ұсақ буржуазиялық жастардан) саны бірнеше мыңдарға жетіп көбейе түскен. Фаланганың қарулы отрядтарын контрреволюциялық буржуазия өзінің дербес милициясы ретінде қараған. Фалангашылдық «пистолеро» акцияларына ұйымдық жағынан СЭДА-ға кірген «Халықтық іс-қимыл жастарының» фашистік отрядтары белсене қатысты. Бұл ұйымның жетекшісі болған Рамон Серрано Суньер Примо де Риверамен тығыз қатынастар орнатты. Сол күндері «Халықтық іс-қимыл жастарының» көптеген мүшелері фалангаға кірді.

Бір кездері фалангашылдар өздеріне коммунистер масқаралап танған «фашизм» терминін жоққа шығарған болатын. Алайда жағдай енді өзгерді. 1936 жылы 16 маусымда кортесте сөйлеген сөзінде Кальво Сотело, егер оның жаңа мемлекет туралы концепциясын фашистік деп атаса, онда ол өзін фашист деп жариялайтынын мәлімдеді. Ол күндері көптеген консерваторлар фалангашылдармен бір қатарда болуға ниет білдірді. Республикаға қарсы Испания фашистенді.

Фалангашылдардың белсенділігі және оңшылдардың тегеуіріні Испанияның демократиялық күштерінің қауіптенуін және мазасыздануын туғызды. Бұқара, ең алдымен пролетариат үкіметтен батыл іс-қимылдарды талап етті. Депутаттардың – коммунистер мен социалистердің талаптарына жауап берген үкімет басшысы Касарес Кирога сөйлеген сөздерінде, үкімет фаланганы заңнан тыс, мемлекеттің негізгі жауы деп, оған карсы батыл батыл шаралар жүргізетіндігін мәлімдеді. Кироганың айтуы бойынша полицияда фаланга туралы құпия мәліметтердің барлығы және оның белсенді мүшелері мен бірге оған құпия түрде көмектесіп отырғандарды тұтқындауға ниеті бар екендігін білдірді. Бұл уәделер орындалғанша, фаланга жетекшілері реакциялық күштермен байланыстарын нығайтты.

Примо де Ривера өзінің түрмедегі либералдық жағдайын пайдалана отырып, сол күндері қарулы бүлік дайындауға кіріскен. Ол дәстүршілдер өкілі Фаль Кондель және әскери астыртын бүлікшілдермен келіссөздер жүргізе бастады. 29 мамырда Примо де Риверaның агенті Р. Гарресан өз бастығының үндеу хатын генерал Молға тапсырады, одан кейін генералға фаланганың мүшелері мен құрылымы туралы құпия мәліметтер жіберіледі. Әскерилермен бірігіп қимыл жасауы үшін фалангашылдар олардан болашақтағы құрылатын үкіметке қатыстыруды қамтамасыз ететін саяси кепілдіктерді талап етті.

16 ақпаннан кейін бүлікке ашық бағыт ала бастаған фалангашылдар мен испан реакциясының басқа да отрядтарына қарағанда Мол және басқа әскери астыртын бүлікшілер өз қызметін жарнамалауға тырыспады. Франко, Мол және Годед реакциялық Испандық әскери одақ мүшелерін өз қамқорлығына алып, осы кезге дейін толық дамымаған ұйымды карлистермен және фалангашылдармен байланысы бар ұйымдасқан, тармақталған ұйымға айналдыру үшін біраз күш жұмсады. Бұдан бұрын генерал Мол испандық әскери одақ басшыларының қарауына тежеусіз билігі бар әскери директория құру жобасын ұсынған еді. Әскери директория орнату жоспарын ол кезде Португалияда болған генерал Санхурхо да қолдаған еді, ол алдын ала келісілген шешім бойынша бүлікшілердің қарулы күштерінің бас қолбасшысы болуы тиіс еді. Мола дайындалып жатқан бүлікке фалангашылдарды қатыстыруға қарсы болмады., бірақ тәртібі төмен, нашар қаруланған фалангашыл милицияға сенімсіздікпен қарады. Генералдың нық сенімі, түсінігі бойынша бүлікті тек қана әскерилер басқарып, бақылауы тиіс болды. Соған қарамастан фаланга жетекшісі Примо де Ривера 1936 жылғы 29 маусымдағы құпия

бұйрық-жарлығында барлық аймақтық жетекшілерге әскери бүлікке қатысуды жазбаша бұйырды.

Примо де Ривера генерал Молмен бүлік басталғанға дейін тығыз байланысты үзбеді. Гарсеран арқылы беріп жіберілген 14 шілдеде жазылған ең соңғы хатында фаланга жетекшісі генералға мынаны мәлімдеді: егер әскерилер 72 сағаттан кейін батыл іс-қимылдар бастамаса, онда фаланга Аликантеде өзі бүлік бастайды. Биліктегі Халық майданы үкіметі армияны қайта құру жөнінде шара қолданбады. Жауапты әскери қызметтерде финанс алпауыттарының жер иеленуші ақсүйектер мен жоғары дін иелерінің кең қолдауына ие болған бұрынғы реакцияшыл генералдар болды. Республикаға қарсы қастандық ұйымдастырған ішкі реакция гитлерлік Германия мен фашистік Италияның көмегімен Халық майданының жеңістерін жойып, елде фашистік диктатура орнатпақ болды. Испан фашистеріне Англия мен Францияның империалистік ықпалды топтары да көмектесті. Олар Испанияда демократиялық құрылыстың нығаюы өздерінің ірі капиталдық салымдарына қауіп төндіреді және испан демократиясының табыстары өз елдеріне де революциялық тұрғыда ықпал жасайды деп қорықты, әсіресе бұл кезде Франция да билікке Халық майданы келген еді. Компартияның ескертулеріне қарамастан, үкімет республикаға қарсы қастандықты болдырмау үшін ешқандай шара қолданбады.

3.Испаниядағы азамат соғысы (1936-1939 жылдар). Революциядан кейінгі Испания.

1936 жылы 17 шілдеде Мароккодағы генерал Франсиско Франко бастаған испан әскерлері Халық майданы республикасына қарсы әскери фашистік бүлік бастады. Келесі күні бүлік бүкіл елге тарады. Осылайша Испания тарихының ең қайғылы және сонымен бірге қahармандық беттері – Азамат соғысы немесе ұлттық-революциялық соғыс (1936-1939 жж.) басталды. 32 ай бойы испан халқы демократия үшін ұлы шайқас жүргізді. Испания халықаралық фашизммен күрестің алдыңғы шекарасы болды. Фалангашылдар бүлікке белсене қатысты. Олар бүлікшілер лагерінде республикашылдарға қарсы өте қатал, аяусыз соғысты. Фалангашылдар мен әскерилер арасындағы тығыз ынтымақтастық бүлікті дайындауда негізгі роль атқарған генерал Молдың Солтүстіктегі армиясы арасында орнады.

Бүлікті тек қана әскери адамдар басқарды. Бүлік басталғанда фаланга жетекшісіз болды: Примо де Ривера, Х. Руис де Альда және Фернандес Куэста түрмеде болды. Бүлікшілер зонасында фалангашылдар қатары тез өсе бастады. Әсіресе, село милициясы қатарындағылар өте белсенді болды, олар ұлтшылдар ұйымдастырған қанды террорды жүргізудің құралына айналды. «Тылдағы» фалангашылдар қолынан ұлы испан ақыны Федерико Гарсия Лорка қаза тапты.

Фаланганы Франко ерекше қорғады. Республикаға қарсы қастандықты ұйымдастырушылардың бірі – Франсиско Франко Баамонде (1892-1975) өзінің саяси мансабында табысқа жетті. Жаяу әскер академиясын лейтенант шенінде аяқтаған ол, Испандық Мароккодағы шайқастарда көзге түсіп, бригадалық генерал шеніне дейін тез көтерілді. 33 жасында Франко Сарагосадағы Әскери академияны басқарады, ал бірнеше жылдардан кейін Мароккоға қайта оралып, 1936 жылы 19 шілдеде Испандық Марокконың бүкіл әскерлеріне басшылық жасай бастайды. Әскери

қызмет болашақ каудильоның мінез-құлқын қалыптастыруда үлкен өмір мектебі болып, негізгі роль атқарды. Армияда ол басшылық жасауға, темір тәртіпке және иерархияға үйренді. Франконың дүниетанымы әскери әдебиеттер мен консервативтік басылымдар негізінде қалыптасты. Ол монархияны, Шіркеуді, тәртіпті және күшті билікті жақтады. 1936 жылдың 1 қазанында бүлікшілер басып алған аумақтарда Франко мемлекет басшысы және генералиссимус болып жарияланды. Ол: «Біз халыққа қызмет ету үшін келдік», - деген болатын.

Қастандықты ұйымдастырушылар «қауырт соғыс» арқылы тез жеңіске жетуді ойлады. Бүлікке көптеген офицерлер қатысты, сондықтан олардың соңынан ерген тұрақты армияның біраз бөлігі Республикаға қарсы соғысты. Бүлікке қатысушылар мемлекеттік аппаратта жауапты қызметтерде болған еді. Бүлік ошақтары барлық жерде қалыптаса бастады. Сасып қалған үкімет келісімге келуге , тіпті тізе бүгуге дайын болды. Бірақ бұған халық жол бермей қаруды талап етті. Жаппай революциялық стачка жарияланды. Бүлікшілер барлық ірі өнеркәсіптік орталықтарына бір мезгілде шабуыл жасап, оларды басып алуға тырысты, ал Мадрид гарнизонына астананы басып алу міндеті жүктелді. Мұндай жағдайда үкімет отставкаға кетіп, жаңа кабинетті солшыл республикашыл, ғалым-химик Хосе Хираль басқарды, ол жұмысшы ұйымдарын қарумен қамтамасыз етуге жарлық шығарды. Елде халықтық соғыс басталды. Халық милициясының ерікті отрядтары құрылды, барлық жерде фашистермен аяусыз шайқастар болып жатты. Мадридтің қарулы жұмысшылары республикаға адал әскери бөлімдермен бірге астанадағы бүлікті басты. Көп ұзамай халық милициясының алғашқы батальондары Мадридтен шығып, солтүстіктен келе жатқан бүлікшілердің генерал Молдың колонналарына қарсы жылжыды. Халықтың қарсылығы күшейіп, шайқассыз берілмеді. Халық майданы Республикасы тұрғындардың жаппай қолдауына сүйенді. Бір аптадан кейін бүлікшілер оңтүстіктегі үш аграрлық аудандарда (Кадис, Уэльва және Севильяда) және солтүстікте (Галисияда, Наваррада, Ескі Кастилия ауданында) , яғни республикаға қарағанда екі есе аз аумақта ғана бекінді. Халықтың қолында бүкіл өнеркәсіптің үштен екісі, Валенсия мен Мурсияның құнарлы ауыл шаруашылықты аудандары, Жерорта теңізі жағалауындағы негізгі порттар (Барселона, Валенсия, Картахена), елдің алтын қоры, бүкілге жуық әскери және сауда флоты, транспорттың көп бөлігі болды. Бүлікшілермен күресте әскер-теңіз флоты матростары үлкен үлес қосты, олар мароккодағы әскери кемелерді қолдануға мүмкіндік бермеді. Бүлікшілер қолында армияның, жаяу әскерінің көп бөлігі, офицерлік Корпус, сонымен бірге шетелдік легион, Испандық Мароккодағы әскери құрамалар болды. Оларды Испанияға жеткізуге бүлікшілердің мүмкіндіктері болмады. Осылайша, бір-бірінен бөлінген бүлікшілердің екі тобы қалыптасты – солтүстікте, генерал Мол бастаған, ал оңтүстікте генерал Франко бастаған. Республикалық Испанияның бүлікшілерді талқандауға күші жеткілікті болатын. Бірақ бүлікшілдердің екі тобының жағдайын және Испаниядағы азамат соғысының нәтижесін басқа фашистік мемлекеттер – Германия, Италия және Португалияның араласуы шешті. Франко фаланга арқылы Гитлер және Муссолинимен байланыс жасады. Бүліктің басынан бастап оны басқарушыларға сыртқы фашистік мемлекеттердің қарулы көмегінсіз табысқа жету мүмкін еместігі белгілі болды.

22 шілдеде Мароккодағы нацистік партияның басшысы А.Лангейм Франконың жеке үндеу-хатымен Берлинге ұшты. 25 шілдедегі Гитлерден басқа

Геринг, адмирал Канарис және генерал-полковник Блюмберг қатысқан мәжілістен кейін Франконың көмек сұрауы туралы өтінішін қанағаттандыру туралы шешім қабылданды. 27 шілдеде-ақ испан әскерлері мен әскери жүктерін Тетуаннан Севилья мен Хереске апару үшін әуе көпірін ұйымдастыру бағытында Тетуанға Испандық Марокко) «Юнкерс-52» атты 20 транспорттық самолеті жіберілді. Марокколық әскерлер неміс және итальян самолеттері арқылы Испанияға әкелінді, ал бүлікшілер қолында болған порттар арқылы қару-жарақ, оқ-дәрі кемелері келіп тұрды. Испанияда герман және итальян тыңшылары жұмыс істеді.

Германия мен Итальяның интервенциясы мына мақсаттарды көздеді: антифашистік Халық майданын талқандау; екінші дүниежүзілік соғысты ашуға жағдай жасау; Испанияны әскери-стратегиялық, шикізат және азық-түліктік база ретінде пайдалану; Жерорта теңізіндегі ағылшын-француз теңіз коммуникацияларына қауіп төндіру; Испанияны әскери тактиканы, армияны жаңа қару түрлерін сыннан өткізу полигоны ретінде қолдану.

Германия мен Италияның Испаниядағы азамат соғысына араласуы бүлікшілерді тез және толық жеңілістен құтқарды. Барған сайын интервенция кең ауқымды қамтып, франкистердің әскери басымдығын анықтаушы факторға айналды. 1936-1939 жылдары Германия Испанияға 50 мың әскерін жіберді. Франкисткер жағында 150 мыңдай итальян солдаты мен офицері, сонымен бірге 20 мың португал және 100 мыңдай мароккандық соғысты. Франко жағында ерікті 80 орыс офицері – ақ эмигранттардан құрылған шағын отряд соғысты. Шетел интервенциясы азамат соғысының сипатын өзгертті. Халық майданы республикасы үшін соғыс ұлттық-революциялық сипат алды. Ал франкистер үшін ол консервативті- қайта қалпына келтіруші сипат алды.

Шетел көмегіне сүйене отырып бүлікшілер қару мен күштердің ара салмағын өз пайдасына шешіп, шабуылдау іс-қимылдарын бастады. 1936 жылғы тамыздың ортасында Бадахос қаласы маңында бүлікшілердің оңтүстік және солтүстік топтары бірікті. Бұдан кейін Франко Мадрид бағытында шабуыл бастады.

Араласпау саясаты. Шілденің аяғында әлемдік баспасөз гитлерлік самолеттер мен әскери техниканың Испанияға келуі туралы хабарларға толы болды. Алайда Германия да, Италия да батыс европалық елдер тарапынан өз қимылдарына қарсылықты кездестірмеді.

Бүлікшілер өз одақтастарынан соңғы шыққан қару-жарақ түрлерін алып жатқанда, республикалық үкімет үлкен қиыншылықтарға кездесті. Бүлік басталған кезде үкімет социалист Леон Блюм басқарған Франциядағы Халық майданы үкіметінен Испанияға қару-жарақ сату жөнінде өтініш жасады. 1935 жылы Франция республикалық Испанияға қару-жарақ шығарып тұру жөнінде міндеттеме қабылдаған болатын. Алайда Францияның сыртқы саясаты ағылшындарға тәуелді болды, ал ағылшын консерваторлары Гитлермен және Муссолинимен қатынасын бұзғысы келмеді. Блюм Лондонға шақырылып, оған Англия республикалық Испанияны қару-жарақ пен қамтамасыз етуге өзінің қарсылығын білдіріп, ескерту жасалынды. Консерваторлық Болдуин үкіметінің кеңесі бойынша 1936 жылы тамыздың басында Леон Блюм европалық мемлекеттерге испан істеріне араласпау туралы келісім жасауды ұсынды, ол бойынша Испанияда соғысып жатқан екі жаққа да – заңды үкіметке де және бүлікшілерге де қару-жарақ және басқа да әскери материлдар шығаруға тыйым салынды. Бұл келісімге 23 тамызда КСРО да қол

қойды, сонымен бірге Кеңес Одағы келісімге фашистік мемлекеттер – Германия , Италия және Португалия да қол қойып, оны қатаң сақтауы туралы шарт қойды. КСРО итальян-герман араласуы тоқтаса, бүлікшілерді испан халқы тез талқандайды деп санады.

Испан істеріне «араласпау туралы келісім» деп аталатын құжатқа Европаның 27 мемлекеті қол қойып, өз күшіне енді. Испан республикасының мұндай блокадаға наразылығы қабылданбады. «Келісімнің» орындалуын бақылау үшін қол қойған елдердің Лондондағы елшілері кірген араласпау жөніндегі Комитет құрылды. 24 тамызда Келісімге Германия да қол қойды, алайда көп ұзамай фашистік мемлекеттердің келісімді бұзып отырғандығы белгілі болды, олар генерал Франконы әскери материалдармен қамтамасыз етуін жалғастырды. Араласпау туралы келісім тек қана бір бағытта жұмыс істеді – заңды үкіметке қарсы – және бүлікшілерге үлкен басымдық берді. АҚШ өзінің бейтараптылығын жариялады, сонымен бірге ол қару-жарақты сатуға қолма-қол ақша төлеу арқылы жүргізілгенде ғана рұқсат етті, ал бұған Халық майданының мүмкіндігі болмады. Араласпау саясаты формалды сипат алып, сөз жүзінде болды. Ұлттар Лигасы «Испаниядағы оқиғаларға байланысты мазасызданатындығын» ғана айтып, Европадағы бейбітшілікті сақтау ұрандарымен ғана шектелді.

Кеңес үкіметі араласпау жөніндегі Комитеттің назарын Германия, Италия және Португалия тарапынан келісімнің бұзылу фактілеріне бірнеше рет аударды. Батыс державаларының Испанияға итальян-герман интервенциясын тоқтатуға үлес қосуға құлқы жоқ екендігін түсінгеннен кейін КСРО үкіметі 1936 жылдың қазанында республикалық қарсы әділетсіз дискриминацияға жол бермейтінін ресми түрде жариялады. Сондықтан Испан үкіметіне шетелден қару-жарақ сатып алу құқығын қайтаруды талап етіп, енді өзінің араласпау туралы келісіммен байланысты еместігін айтты.

1936 жылы күзде бүлікшілер алған аумақтарда Франко мемлекет басшысы болып жарияланғаннан кейін өз үкіметін құрды, оның министрлерінің жартысына жуығы – фалангашылдар, ал қалғандары – оңшыл монархистер мен генералдар болды.

Испан шіркеуінің жоғарғы топтары басынан бастап бүлікшілерді қолдады. Қыркүйектің аяғында архиепископ Плаи Даниэль өз сарайын генерал Франкоға штаб ретінде берді, ол «Екі қала» деген үндеуін жариялады, онда бүлікшілер бастаған азамат соғысын қорғады. Оның айтуы бойынша бүлік «тәртіп бұзушылық емес, тәртіпті қалпына келтіру» деді.

Франконың фашистік фалангаға көңіл аударуын көп жағдайда бүлікшілердің Германия және Италиямен одағын саяси және идеологиялық жағынан нығайтуға тырысуы деп түсіндіреді. Алайда бұл «белдік» державаларымен одақты одан әрі нығайтуға деген үмітпен ғана байланысты болған жоқ. Франко және ол арқылы өз позицияларын нығайтуға тырысқан күштер фашистік қозғалысқа үлкен үміт артты. Сонымен бірге Франконы фашизмдегі «фюрерлік» принцип те қызықтырды. Көзқарастары жағынан консерватор және католик болғанымен, Франко негізгі доктринасын жасауда карлистер немесе Кальво Сотело мен Хиль Роблестің жақтаушыларын емес (олардың идеологиясынан біраз элементтер алса да), фалангашылдарды ұнатты.

Фашистік Германия да белгілі бір дәрежеде қысым жасады. Германия елшісі Фаупель «ұлтшылдық Испанияның» фашистік негізде «саяси біртекті» болуын қалайтындығын ашық білдірді. Оның ойынша, «ұлтшылдық үкіметке күшті идеологиялық бағыт-бағдар жетіспейді» деді. Ол фаланга басшысы Эдильемен тұрақты байланыс жасап тұрды. Эдилье және оның маңайындағылар фашистік Германияға сүйене отырып, бүкіл билікті өз қолына шоғырландырғысы келді. Алайда бұл кезде Эдильенің фалангадағы позициясы тұрақты емес еді.

1936 жылы 20 қарашада Аликантада Хосе Антонио Примо де Риверы республикашылдар атып өлтірді. О.Редондо, Х.Руис де Альда да атылған болатын, ал Ф.Кауста әлі Мадрид түрмесінде отырды (1937 жылы қазанда босатылды). М.Эдилье Франкоға билік үшін күресте күшті бәсекелес бола алмады. Оның бәсекелестігін жою үшін Франко оны алмастыру мақсатында Италия мен Германия елшілерінің келісімін алуға тырысты.

1937 жылы 11 сәуірде Франко Фаупельмен кездесті. Олар 18 сәуірде болатын фаланганың ұлттық «көсемін» сайлау туралы әңгімелесті. Франко өзінің фаланга идеясын қолдайтындығын білдірді. Ол гитлершілдерге өзінің монархистермен және католиктік иерархиямен тығыз байланысы ұнамайтындығынан хабардар еді. Соған қарамастан Франко Фаупельге фаланганы монархиялық топтармен қосып, бұл «біріккен партияны» өзі басқаруға ниеті бар екендігін білдірді. Бүлікшілер зонасында армия күшті болды, бұл жағдай Франко есебі бойынша Фаупельге «дұрыс» шешім қабылдауға мүмкіндік береді деп сенді. Ол қателеспеген еді.

1937 жылы 19 сәуірдегі Саламанкадағы епископ сарайында (мұнда бүлікшілдердің бас штабы орналасқан болатын) барлық реакциялық партиялардың бірыңғай «Испан дәстүрлі фалангасы және ХОНС-қа» (ИТХ-ХОНС) бірігуі туралы декреті жарияланды. Фаланганың «ұлттық бастығы» етіп Франко өзін тағайындады. Франко партияның басшысы және испан фашизмінің «каудильосы», қарулы күштердің бас қолбасшысы болып жарияланды. Испанияның фашистік зонасында Франконың жеке диктатурасы орнады. Жаңа «фаланганы» франкистік деп атады, ал оның идеологиясын – франкизм деп атады. 24-25 сәуірде Эдилье және 20 негізгі фалангашылдар каудильоға қарсы қастандық жасады деп айыпталып, Эдилье және үш фалангашылдар өлім жазасына кесілді, кейін оны ұзақ мерзімге түрмеге қамады. Ал қалғандарын Франко фашистік мемлекеттік бюрократиялық иерархияға енгізу арқылы тыныштандыруға тырысты.

Германия, Италия және Ватикан Испан Республикасымен диплпоматиялық қатынасты үзіп, Франко үкіметін мойындады. Франкизмді испан діндарлары да қолдады, олар өз позициясын «интернационалистік коммунистік революцияға» қарсы, испандық «ұлттық тәртіп» үшін деп ақтады. Франкистер Халық майданының барлық партиялары мен кәсіподақтарын заңсыз деп жариялады. Жұмысшылардың, қызметкерлердің және кәсіпкерлердің қатысуымен «вертикал кәсіподақтар» құрды, антифашистік күреске қатысушылардың бәрін мемлекеттің жаулары деп жариялады. Франконың алғашқы декреті армияны қайта құру туралы болды. Дайындық жұмыстары аяқталғаннан кейін орталық майданда Мадридке негізгі шабуыл басталды.

Испан халқы ұлт азаттығы мен мемлекеттің бірлігі, бостандық пен демократия жолында, фашизмге қарсы өте ауыр жағдайда франкистермен,

интервенттермен ерлік күрес жүргізді. Соғыс ұлттық-революциялық бола тұрсада, оның өн бойында азамат соғысының элементтері сақталды.

1936 жылы қыркүйекте республикалық Испанияда ИСРП жетекшісі Ф.Ларго Кабальеро басқарған жаңа үкімет құрылды. Оған социалистер, буржуазиялық республикашылдар және коммунистер кірді, кейінірек анархо-синдикалистер кірді. Бұл Халық майданы тарихындағы коммунистер қатысқан алғашқы үкімет еді.

Майдан шебі испандықтарды ғана емес, сонымен бірге басқа халықтарды да бөлді. Испания үшін қиын сәтте Халық майданы үкіметі халықаралық қолдауға ие болды. Ларго Кабальеро үкіметі КСРО-ға республикаға қару-жарақ сатуды және Испанияға кеңес ұшқыштары, танкистері, артиллеристері және әскери кеңесшілер тобын жіберу жөнінде өтініш жасады. КСРО бұл өтінішті орындауды өзінің интернационалдық борышы деп есептеп, қанағаттандырды. 1936 жылы 13 қазанда Испанияға алғашқы кеңес танклері, жойғыш самолеттері, қару-жарағы, отын-жанармай материалдары, дәрі-дәрмектер, азық-түлік жіберілді. 3 мыңға жуық еріктілер - әскери кеңесшілер, офицерлер, ұшқыштар, танкистер, әскери инженерлер, инструкторлар,техникалық мамандар, дәрігерлер, аудармашылар т.б. мамандар жіберілді. Олар Испанияда Халық майданы республикасы үшін еңбек етіп, ерлікпен қаза тапты. Испанияда 200 мыңдай кеңестік еріктілер қаза тапты. Кеңестік әскери материалдар үшін испан үкіметі КСРО Мемлекеттік банкіне өзінің алтын қорының бір бөлігін салды.

Азамат соғысының алғашқы кезеңіндегі әскери іс-қимылдар Мадрид үшін күреспен (1936 жылғы шілде – 1937 жылғы мамыр) байланысты. Франко армиясы солтүстіктен және оңтүстік-батыстан астанаға қарай жылжып, 1936 жылғы қарашаның басында астанаға таяп қалды. Фашистік генерал Мол ашық айтқандай, испан астанасына қарай бес колонна – төртеуі майданнан, ал бесіншісі қаланың өз ішінде, іс-қимыл жасауда. Осы кезден бастап Отанын сатқандарды «бесінші колонна» деп атай бастаған. Бүлікшілер күштерінің басымдылығы соншалық, тіпті республикалық үкіметтің басшылары - президент М.Асанья мен премьер-министр Ларго Кабальеро Мадридті қорғап қала алатындарына сенімсіздік білдірді. Осы кезде кеңестік қару-жарақтың келуі және кеңестік еріктілердің ерлік іс-қимылдары астана тұрғындарының еңсесін көтерді.

Көрнекті француз қоғам қайраткері, тарихшы, журналист Жорж Сориа өзінің «Испаниядағы соғыс және революция. 1936-1939» деген еңбегінде Мадрид үшін шайқасқа испан әскери бөлімдерінің және интернационалдық бригадалар кеңесшілері ретінде қатысқан кеңес генералдарымен әңгімелесуінде армия генералы болған Павел Баталов сол кездегі жағдай туралы былай деп еске алады:

«1936 жылдың қарашасының алғашқы күндері батыстың ірі газеттері Мадрид түгіл, Испандық республика туралы жұмған аузын ашпады. Олар Мадрид те, республика да құлайды деп ойлады. Бұл франкистер тұтандырған жала жабушылық науқанының салдары еді...

Сол кезде республикалық зонада қалыптасқан әскери және саяси жағдай өте күрделі еді. Республикашылдардың жақсы ұйымдасқан, тәртібі орнықты армиясы болмады. Республикашылдар жағындағы милиция отрядтарына қару-жарақ, оқ-дәрілер жетіспеді және ол соғысты жүргізу тәсілімен таныс емес еді. Қатал ұрыс жағдайларына жақсы дайындалған, үйретілген бірден-бір полк – 1936 жылдың ортасында Испан Коммунистік партиясы қалыптастырып, басқарған атақты Бесінші

полк болды, кейін ол болашақ Халықтық армияның ядросы болды ». Ондаған мың жауынгерлер мен командирлер осы полкта әскери оқудан өтіп, саяси жағынан шынықты. «Ал жаңадан құрылып жатқан басқа да испан бөлімдері өз дайындықтарын аяқтамай-ақ астана үшін ұрысқа кірісіп кетуге мәжбүр болды.

Таразының салмағы бүлікшілер жағына тартып тұрды. Оларда жақсы үйретілген, әскери тәртібі орнықты әскерлері болды, негізгі күштері Терсио (шетелдік легион) және таборлар (мароккандықтар) еді.

Республикашылдарға көмекке оңтүстік-шығыстан милиция отрядтары ғана келе алатын еді, олардың өзі тәртібі реттелмеген, дұрыс ұйымдаспаған еріктілерден құралған еді және олар франкистердің шабуылға шығуына кедергі жасау үшін ғана жарамды еді. Жағдайдың драматизмі де осында.

Жағдай майданға халықтан шыққан жас қолбасшылар – Модесто, Листер, Буэно, Бурильо, сәл кейінірек – Дуррути басқарған колоналар қайта құрылғаннан кейін өзгере бастады,бұлар әскерінің тәртібі қатал, қаруланuы жақсы бөлімдер еді. Республикашылдар бұрын болып көрмеген дәрежеде шайқасты, олар франкистерге қарсы күшті қарсылық көрсетті». Мадрид үшін шайқаста оның қорғаушылары әрбір окоп, әрбір үй үшін ұрысты.

«Бірақ сәтте астананы аламыз деген франкистік әскерлер бір орнында тұрып қалып, ілгері баспады. Маневрлік соғыс бекініс шебін қорғап, аңдысқан соғысқа айналды. Франкистердің шабуылдау қимылдары тоқтатылғаннан кейін интернационалдық бригадалар қолдаған астананы қорғаушылар Мадридті алынбайтын қамалға айналдырды». Революцияшыл армияның табандылығы мен қahармандығының арқасында франкистер астананың іргесінде тоқтатылды. Мадридтің аңызға айналған қарсылығы тарихқа Верденді қорғаушылардан алынған «Но пасаран!» («Олар өте алмайды!») деген ұранмен енді, бұл ұранға мадридтіктер күреске деген өздерінің еркін бейнелеген «Мадрид фашизмнің моласы болады» деген сөздерді қосты. Бүлікшілердің күші басым болғанына қарамастан, олар Мадридті ала алмады. Олардың армиясы қансырап, шабуылдау екпіні сарқылды.

Мадрид қорғанысының жеңіспен аяқталу себептері туралы одан әрі генерал Батов былай деп еске алады: «барлық адам мен материалдық ресурстар ұрысқа шығарылды, астана штабы және барлық саяси партия өкілдерінен құралған Мадридтің Хунта қорғанысы, оның ішінде қала қорғанысын ұйымдастыруда коммунистердің ролі ерекше болды». Дивизиялық комиссар болған Нестеренко астана қорғанысының жеңіске жетуі туралы әңгімені одан әрі былай өрбітеді: «1936 жылы 6 қарашада бүлікшілер әскері астананың қақпасында таяғанда, республика үкіметі министрлік пен бас штабты Валенсияға көшіру туралы шешім қабылдады.

Бұл жағдайды біраз жөңілдетті. Мадридте барлық әскери операцияларды басқарған жаңа бірыңғай басшылық құрылды, ол Мадрид қорғанысы Хунтасының қолдауына сүйенді, ол барлық ресурстарды, резервтерді, тұрғындарды астананы қорғауға жұмылдырды.

Бұрын үкіметте және штабта Мадридті қорғап қалудың мүмкіндігі туралы көзқарастар, пікірлер болып, олар түрлі бұйрықтарда көрініс тапқан еді. Енді жағдай әлі күрделі болса да, түзеле бастады. Операциялар жоспары жасалды. Бұрынғы ретсіздік нақты басшылықпен алмасып, әскери іс-қимылдар бірыңғай басшылық орталығынан жүргізілді.

Франкистердің барлық стратегиясы жазалау экспедициялары сипатында болды. Бұл бүлікшілердің жеңілуіне ықпал етті».

Республикашыл армияға майданның маңызды учаскелерінде үзіліксіз соғыстар жүргізген интернационалдық бригадалар ауыр шығындарға ұшырағандарына қарамастан, бүлікшілерді астанаға өткізбеді. Интернационалдық бригадалар Мадридті қорғаған әскерлердің 10 пайызын құрады.

Алайда Мадрид үшін шайқаста жеңіске жетудің ең басты себебі, испандықтардың – солдаттар мен тұрғындардың ерлікпен күресі болды, олар республиканың тағдыры Мадрид тағдырына тәуелді екенін түсінді. Бұл кезге қарай Ларго Кабальеро үкіметі бірқатар әлеуметтік шаралар жүргізген еді: помещиктер жерлерінің көбі, бүлікшілер жерлері тәркіленіп, ауыл шаруашылығы жұмысшылары мен шаруа-кедейлерге берілді, барлығы шаруалар 55 млн. га жер алды. Баскония автономия алды. Халықтық милиция тұрақты әскерлермен бірікті. Армияда саяси комиссарлар институты енгізілді. Бұл қайта құрулар нәтижесінде шаруалар мен ұлттық азшылықтар республиканы қорғауға көтерілді, республиканың әлеуметтік базасы кеңейді, қарсылық білдіру қабілеттілігі өсті. Мадрид үшін соғыс республиканы нығайтуда маңызды роль атқарды. Азамат соғысы созылыңқы сипат алды. 1937 жылы наурызда республикалық армия Мадридті алуға ұмтылған «генералиссимустың» соңғы ұмтылысы – Гвадалахара түбінде Италияның 50 мыңдық корпусын талқандап, жеңіске жетті. Республикашылдардың жеңісі бүлікшілерді Мадридті басып алудан уақытша бас тартып, негізгі соққыны Испанияның солтүстік провинцияларына қарай бағыттады.

Испания республикасын қорғауға барлық прогресшіл адамзат көтерілді. Соғыс операцияларына басшылық етуде республика басшылығына көмектескен кеңестік әскери мамандар арасында Я.К.Берзин, П.И. Батов, Н.Н. Воронов, Н.Г. Кузнецов, Р.Я. Малиновский, К.А. Мерецков, Я.В. Смушкевич, Г.М. Штерн және басқалары болды. Испанияда өздерінің көптеген әскери интернационалдық борышын өтеген көптеген әскери қайраткерлер Отанына қайта оралысымен сталиндік қуғын- сүргіннің құрбаны болды.

Барлық елдердегі коммунистер, демократтар, антифашистер фашизмменкүрестің алдынғы шебінде болып, Испан республикасын қолдауды өздерінің интернационалдық борышы деп білді. Барлық жерде еңбекшілердің қаржысына киім-кешек, азық-түлік, дәрі-дәрмектер сатылып алынып, Халық майданына көмекке жіберіліп жатты .Парижде Испаниямен ынтымақтастықтың Халықаралық комитеті құрылды, ол түскен көмекті реттеп және бөліп отырды. Екі жылда комитет қорына 800 млн. франк сома түскен, ал американдықтар – жарты миллион доллар жіберген. Бұдан басқа әлемнің демократиялық зиялыларының испан республикасымен ынтымақтастығы түрлі елдердің солшыл партиялары мен кәсіподақтары ұйымдастырған интервенция мен «араласпау» саясатына қарсы бұқаралық бас көтерулерінен көрінді. Интернационалдық бригаданың құрылуы ынтымақтастықтың жоғарғы формасы болды. Олардың қатарында саяси және діни көзқарастары, әлеуметтік шыққан тегі әртүрлі 54 елдің, 40 мыңнан астам ерікті антифашистері шайқасты, олар 7 интербригада ұйымдастырды. Олардың алғашқысы 1936 жылы 8 қарашада Мадрид үшін ұрысқа қатысты. Антифашистердің арасында поляк Кароль Сверчевский (генерал Вальтер), итальян Луиджи Лонго (Галло) , венгр Мате Залке генерал Лукач) және басқа көптеген көрнекті коммунистер болды.

Коминтерннің Испаниядағы өкілі Пальмиро Тольятти болды. Интернационалдық бригадалар ерлік пен қаһармандықтың үлгісін көрсете отырып, майданның барлық маңызды учаскелерінде шайқасты. Еріктілер-антифашистер Франция, Польша, Италья, Германиядан ең көп келген, интебригадаларда ағылшындар, американдықтар, канадалықтар, австриялықтар, венгрлер, югославтар, чехтар, румындар, албандар, бельгиялықтар, шведтер, даттар, швейцариялықтар, мексикалықтар, аргентиналықтар шайқасты. 7 мыңдай интербригада мүшелері ұрыстарда қаза болды.

Азамат соғысының әскери іс-қимылдары барысында Халық майданы үкіметі өз бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырды. Мемлекеттік аппараттан республикаға қарсы қызметкерлер алынып тасталынды. Елшілік қызмет қайта құрылды. Бұрынғы сот органдары жойылып, орнына жаңасы құрылды. Шахталар, кен орындары, әскери өнеркәсіп, автомобиль, темір жол және теңіз транспорты национализацияланды. Кәсіпорындарды ВСТ және НКТ кәсіподақтары бақылады. Банк пен шетел кампанияларына мемлекеттік бақылау орнатылды. Галисия франкистер қол астында болып, оған Халық майданы декреттері таралмады. Сауатсыздықпен белсенді күрес жүргізіліп, мектептер, кітапханалар, мәдениет үйлері ашылды. Ірі қалаларда жұмысшы институттары құрылды. Испан зиялыларының көп бөлігі Халық майданы жағында болды. Республикашылдардың бұл радикалды шаралары бүлікшілердің Халық майданы үкіметін тез талқандауға деген ұмтылысын күшейтті.

Азамат соғысының *екінші кезеңі* 1937 жылғы көктемнен – 1938 жылғы қыркүйек аралығын қамтиды. 1937 жылы 3-6 мамырда анархистер мен троцкистер Барселонада билікті басып алу мақсатында бүлік ұйымдастырды. Бүлік 3 мамырда түнде басталып, алғашқы баррикадалар құрылып, каталондық полиция мен бүлік бастаған анархо- синдикалистер, троцкистер арасындағы қақтығыстар басталды. Ресми автономиялық үкімет бүлікті басуды ұйғарды. Бүлікшілер билікті қолдарына беруді талап етті. Халық майданы үкіметі Барселонаға үкімет делегациясын, кейін бүлікті басуға әскер жіберді. Халық майданы үкіметіне каталондық басшылықтан төрт өкіл кіргеніне қарамастан, анархо-синдикалистер Каталонияға өз вотчинасы ретінде қарады. Күн өткен сайын олардың баспасөзі Ларго Кабальеро үкіметіне қарсы күресті күшейтті.Алайда халық арасында қолдау таппаған бүлікшілер талқандалды.

Барселонадағы мамыр бүлігі Халық майданы мен антифашистік коалиция өзі өмір сүріп бастағаннан бері болған саяси дағдарыстардың ішіндегі ең күрделісі болды. Бұл дағдарыстың нәтижесінде анархистерге жақын болған социалист Ларго Кабальеро үкіметі отставкаға кетті, анархо-синдикалистер орталық үкіметтен шықты.

1937 жылғы 16 мамырда президент М.Асаньяның тапсыруымен социалистік партияның келесі бір жетекшісі, доктор Хуан Негрин жаңа үкімет құрды. Оның үкіметіне кірген министрлердің үшеуі – ИСРП-сынан, екеуі –Компартиядан, біреуі – солшыл Республикалық партиядан, біреуі – Баскониянның ұлттық партиясынан, біреуі – Каталониядан кірді. Х.Негрин үкіметі азамат соғысының соңына дейін өмір сүрді. Ол бүлікшіл франкистермен соғысты жалғастыруды жақтап, коммунистермен ынтымақтасуды жақтады. Негрин кабинеті коммунистер талап еткен шараларды жүзеге асырды, бұл елдегі жағдайды жақсартты. Алайда бүлікшілерге көмекке

келген итальян, неміс әскерлерінің көбеюі, республикашылдарға әрдайым қару-жарақтың жетіспеуі әскери жеңілістерге әкелді. Майдандағы жағдай күрделі еді. 1937 жылы көктемде 60 мың бүлікшілер, интервенттер әскерлері Солтүстік майданды жою үшін шабуыл жасап, күзде өнеркәсібі дамыған провинция – Астурия және Баскілер Елін алды. Әскери қимылдар кезекпен-кезек жеңіліспен жүріп отырды. 1938 жылы наурызда бүлікшілер Арагон майданын бұзып өтіп, сәуірде Жерорта теңізіне шықты да, республика аумағын екіге бөліп тастады. 1938 жылдың жазы мен күзінде республиканың таңдаулы бөлімдері Эбро өзенінде ерлікпен шайқасып, бүлікшілердің жақсы қаруланған 13 дивизиясын 4 ай бойы ұстап тұрды. Алайда бұл жағдайды республикашылдар жағына өзгертпеді. 1938 жылы күзде соғыс барысында франкистер пайдасына бетбұрыс болды. Халық майданы үкіметі КСРО-дан көмек сұрады. 1938 жылы 100 миллион долларға қару-жарақтар жіберілді, бірақ ол француз-каталон шекарасында жіберілмей қалдырылды. Испаниядағы жағдайдың нашарлауына Мюнхен конференциясы да (1938 жылы 29-30 қыркүйек) ықпал етті. Ол Европаның фашистік емес мемлекеттері – Ұлыбритания, Францияның «агрессорды тыныштандыру» позициясын көрсетті. Испаниядағы итальян-герман интервенциясына тіпті формальды түрде болса да ешкім кедергі жасамайтындығы белгілі болды.

1936-1938 жылдары жүргізілген терең революциялық өзгерістер буржуазиялық-демократиялық революцияның шеңберінен асып кетті. Испания ірі капиталистер мен помещиктерсіз, халық бұқарасына сүйенген жаңа тұрпаттағы демократиялық республикаға айналды. Ол халықтық демократияның кейбір белгілерін жүзеге асырды.

Шаруалармен, ұсақ буржуазиямен одақтаса отырып, қимыл жасаған жұмысшы табы революцияның гегемоны болды. Бірақ социалистік және анархо-синдикалистік жетекшілердің бір бөлігінің опасыздығы мен жұмысшы табы арасында туған жікшілдік нәтижесінде компартия басқарған пролетариаттың басшылық ролі шектелді. Жұмысшы табының толық саяси өкіметі болмады. Үкіметте көрнекті роль атқарған буржуазия өкілдері түбегейлі саяси-экономикалық өзгерістер жасауға қарсы шықты. Республикада әскери экономика жасалмады. Майданда қорғаныс тактикасы басым болды. Осындай жағдайда бүлікшілермен ымыраласуға дайын тұрған тізе бүгушілердің бой көрсетуіне алғы шарттар жасалды.

Азамат соғысының *үшінші кезеңі* 1938 жылдың қазанынан 1939 жылдың сәуіріне дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезең Англия мен Францияның Х. Негрин үкіметіне тікелей қысым жасауымен ерекшеленеді. Олар республикалық армияның қарсыласуын тоқтатып, Испаниядағы соғысты аяқтауды мақсат етті. Франция француз-испан шекарасын жапты. 1938 жылы 5 шілдеде Араласпау жөніндегі Лондон комитеті Испаниядан барлық еріктілерді қайтару туралы жоспар қабылдады, 10 мың интербригада әскерлері Испаниядан кетті. Ал Германия, Италияның франкистерге көмегі жалғаса берді, республикашылдар күші азая берді. Италия-Германия соғыс флоты республиканы теңіз жағынан қоршап алды. 1938 жылдың аяғы – 1939 жылдың басында ауыр шайқастардан кейін 1939 жылдың басында бүкіл Каталония франкистер қол астына көшті. Каталониядан айырылу республика үшін ауыр соққы болды.Ұлыбритания мен Франция Негрин үкіметінен қарсыласуды тоқтатуды талап етті. Каталония құлағаннан кейін Халық майданына қатысушылар арасында келіспеушіліктер туып, тізе бүгушілік көңіл-күйлер пайда болды. 1939

жылы ақпанның аяғында Ұлыбритания, Франция Испан республикасымен дипломатиялық қатынастарын үзіп, Франко үкіметін ресми түрде мойындады. Оңшыл социалистер Бестейро, Касадо Франкомен келісімге келуге тырысты. 1939 жылдың басында Картахен, Мадридтегі республикалық флотта бүлік басталды. 6 наурызда Мадридте Касадо, Бестейро «Ұлттық Хунта қорғанысы» дегенді құрды. Хунтаның негізгі тірегі – анархистік отрядтар – астананың стратегиялық пунктерін басып алды. Хунта Х. Негрин үкіметін, Компартияның Орталық Комитетін тұтқындауға бұйрық берді. Халық майданы ыдырады, республикалық армияның рухы түсті. Мадрид, Валенсия, Картахен т.б. республикалық зонадағы қалаларда коммунистер басқарған бөлімдер мен хунта әскерлері арасындағы шайқастар бірнеше күн бойы жалғасты. Коммунистер қарсылығын басқан Касадо-Бестейроның «Хунта қорғанысы» 1939 жылы 28 наурызда Мадридті франкистерге берді. Франкистер 1939 жылы 1 сәуірде республиканың барлық аумағын алды. Испанияда авторитарлық фашистік диктатура орнады.

32 айдан астам уақытқа созылған қаһармандық күрестен кейін Испания республикасы құлады. Буржуазиялық-демократиялық революция мен Халық майданы республикасының жеңілу себептері: итальян-герман интервенциясы, Испанияны шетелден қару-жарақ алу мүмкіндігінен айырған Ұлыбритания, Франция, АҚШ-тың «араласпау» саясаты, оңшыл социалистердің, анархистер, троцкийшілдер, буржуазияшыл республикашылдар арасындағы жік, анархистер, троцкийшілдер іс-әрекеттері, «Хунта қорғанысының» сатқындығы (5-колонна).

Испаниядағы азамат соғысы бейбітшілік пен демократия күштерінің фашизмге қарсы ірі шайқасы болды. Испан халқының қаһармандық күресі екінші дүниежүзілік соғыс өртінің тұтануына тосқауыл жасады. Халықаралық антифашистік ынтымақтастықтың негізі салынды.

Испаниядағы азамат соғысында 1 миллиондай испандықтар қаза тапты, жарты миллиондай адам саяси эмигрант ретінде Испаниядан кетті. Диктатураның алғашқы жылдары 200 мыңдай испан антифашистері атылып, 2 миллиондайы түрмелер мен концлагерьлерге қамалды. Елдің жартысы қирады. «Жаңа мемлекетте» заң шығарушы, атқарушы және сот билігі Франко қолына шоғырландырылды.

Партия, кәсіподақтар заңсыз деп жарияланды, корпоративтік жүйе шеңберінде Фаланга функционерлері басқарған «вертикалды кәсіподақтар» құрылды. Шіркеуге оның бұрынғы артықшылықтары қайтарылды. Жастар қозғалысы мен университеттік білім беруді Фаланга мен Шіркеу өз бақылауына бағындырды. Режимнің экономикалық бағыты ұлттық өнеркәсіптегі протекционизм, автаркия мен индустриялық модернизацияға ұмтылумен сипатталды. Республика жылдары шаруаларға берілген жерлер тартып алынып, бұрынғы иелеріне қайтарылды. Шаруаларға мемлекеттік жерлерден жер учаскелерін сатып алу ұсынылды. 1942 жылы Франко іс жүзінде өзіне тәуелді болған кортесті шақыруға рұқсат берді.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда гитлерлік дипломатияның тырысуына қарамастан Франко соғысқа кірісуге асықпады, ақыры ол 1939 жылы 4 қыркүйекте бейтараптық туралы декретке қол қойды. 1940 жылы маусымда бейтараптық статусы соғыспаушы жақ статусымен ауыстырылды. Сонымен бірге Франко белдік державаларын олардың жоспарларын өзінің қолдайтыны туралы сендіріп, 1939 жылы наурызда Испания мен Португалия және Испания мен Германия арасында

достық және шабуыл жасаспау туралы келісімге қол қойған болатын. Франция соғыста тізе бүккенде Испания Мароккодағы халықаралық зона мен Танжер портын басып алып, Гибралтарға дәмесін күшейтті.

1941 жылы 22 маусымда Германияның Кеңес Одағына басып кіруі туралы хабар Испанияда құлшыныспен қарсы алынды: азамат соғысында жеңіске жеткен Франко испан еріктілерін КСРО-ға қарсы соғысуға жібере алатын еді. 1941 жылы шілдеде 20 мың испандықтардан «Көгілдір дивизия» деген құрылды. Олар неміс әскерлерімен бірге Шығыс майданға Новгород маңына жіберілді, ал кейін Ленинград майданына жіберілді. 1941 жылы күзде Мәскеу түбіндегі Клин қаласы маңына испандық «Сальвадор» авиаэскадрасы келіп түсірілді. Қатары кеңес майданында қатты сиреген «Көгілдір дивизия» 1943 жылдың қазанында Отанына қайтарылды. Соғыс жылдары испан коммунистері Қызыл Армия жағында шайқасты, олардың екі жүзден астамы қаза болды. Нацистік Германияның соғыс жылдары жеңілуіне байланысты Франконың сыртқы саясаты бірте-бірте өзгеріп отырды. Өзіне жаңа қолдаушыларды табуға тырысқан испан каудильосы Ұлыбритания мен АҚШ-пен келісімге келуге тырысты. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанда Испания халықаралық оқшаулану жағдайында болды, онда фашистік державалардың қарулы күшінің көмегімен орнаған Франко режимі жойылмайынша оның Біріккен Ұлттар Ұйымына кіруіне рұқсат етілмеді.

Бақылау сұрақтары

1. Онтүстік Европа елдерін (Испания, Португалия т.б.) «екінші эшелон елдері» деп атаудың себебі неде?
2. XX ғасырдағы Испанияның саяси құрылысына сипаттама беріңіз.
3. Испан парламенті қалай деп аталады?
4. Испаниядағы саяси партиялардың жүйесіне сипаттама беріңіз.
5. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары және соғыс аяқталғаннан кейін Испания экономикалық жағынан қалай дамыды?
6. 1923 жылғы мемлекеттік төңкерістің себебі қандай?
7. 1923 жылғы мемлекеттік төңкеріс нәтижесінде Испанияда қандай режим орнады?
8. Примо де Ривера билікте қай жылдары болды және оның экономикалық бағыты қалай деп аталды?
9. Сан-Себастьян пактісі қашан жасалды және онда не айтылды?
10. Испанияда революция қай жылдары болды, оның сипаты, себептері қандай?
11. Испан революциясы қандай оқиғадан басталды және қандай кезеңдерден тұрады?
12. Испан революциясының бірінші және екінші кезеңдерінде билікте кімдер болды?
13. Революцияның бірінші кезеңінде Испанияда қандай реформалар жүргізілді?
14. Испан революциясының екінші кезеңінің «қаралы екі жылдық» деп аталуының себебі қандай?
15. Испан фашизмінің ерекшеліктері қандай?
16. Испаниядағы фашистік партия қалай деп аталды?
17. Испан революциясының үшінші кезеңі қандай оқиғаға ұласты?
18. Испанияда азамат соғысы қай жылдары болды, ол қандай оқиғадан басталды, оның кезеңдерін атаңыз.
19. Испаниядағы герман-итальян интервенциясының мақсаты қандай болды?
20. Испан республикасының халықаралық жағдайы қандай болды?
21. Араласпау саясаты деген не, ол қашан ұсынылды, оның мәні неде?
22. Қашан Ф. Франко испан фашистерінің көсемі деп жарияланды?
23. Азамат соғысы кезінде қай кезден бастап франкистердің пайдасына бетбұрыс жасалды?

24.Испаниядағы жағдайға Мюнхен конференциясы (1938 ж. қыркүйек) қалай әсер етті?
25.Испан республикасының құлау себептері қандай?
26.Испанияда Франко режимі қашан орнады?

Тест тапсырмалары.

1.Бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда Испания өзін ... деп жариялады:
A) монархия;
B) бүлік жағдайында;
C) бейтарап;
D) соғыс жағдайында;
E) республика.
2.Испан Социалистік жұмысшы партиясы қашан құрылды?
A) 1888 ж.;
B) 1879 ж.;
C) 1920 ж.;
D) 1923 ж.;
E) 1921 ж.
3. Испания Коммунистік партия қашан құрылды?
A) 1888 ж.;
B) 1879 ж.;
C) 1920 ж.;
D) 1923 ж.;
E) 1921 ж.
4. Испанияда 1923 жылы 13 қыркүйекте қандай оқиға болды?
A) Монархия құлап, республика орнады;
B) Ф.Франко бүлігі басталды;
C) Примо де Ривера мемлекеттік төңкеріс жасады;
D) Испан Коммунистік партиясы құрылды;
E) Сан-Себастьян пактісіне қол қойылды.
5. Испанияда Примо де Ривера қай жылдары билікте болды?
A) 1923-1930 жж;
B) 1930-1936 жж;
C) 1939-1975 жж;
D) 1933-1939 жж;
E) 1931-1939 жж.
6. Примо де Риверaның экономикалық бағыты қалай деп аталды?
A) «Жаңа бағыт»;
B) «Елді өркендету»;
C) «Әділетті бағыт»;
D) «Ұлтты өркендету»;
E) «Жаңа экономикалық саясат».

7. XX ғасырдың 30-жылдарындағы Испаниядағы революцияның сипаты қандай болды?
A) Социалистік;
B) Буржуазиялық;
C) Халықтық-демократиялық;
D) Буржуазиялық-демократиялық;
E) Консервативтік.
8. 30-жылдардағы Испан революциясының міндеттері қандай болды?
A) Пролетарлық диктатура орнатып, социалистік қайта құрулар жүргізу;
B) Республика орнатып, аз ұлттарға автономия беру, қоғамдық өмірді демократияландыру;
C) Испанияда феодалдық қатынастарды жойып, капиталистік құрылыс орнату;
D) Католиктер басқаратын діни бағытағы мемлекеттік құрылыс орнтау;

E) Елдің бытыраңқылығын жою.
9. Испанияда Сан-Себастьян пактісі қашан жасалды?
A) 1931 жылы;
B) 1930 жылы;
C) 1929 жылы;
D) 1935 жылы;
E) 1936 жылы.
10. Испанияда Республика қашан жарияланды?
A) 1931 жылы 14 сәуірде;
B) 1931 жылы 12 сәуірде;
C) 1932 жылы 5 қаңтарда;
D) 1930 жылы 18 мамырда;
E) 1930 жылы 17 шілдіде.
11. Испан революциясының бірінші кезеңі қай жылдарды қамтыды?
A) 1923-1930 жж.;
B) 1931-1933 жж.;
C) 1933-1936 жж.;
D) 1936-1939 жж.;
E) 1938-1939 жж.
12. Испан революциясының бірінші кезеңінде билікте қандай саяси күштер болды?
A) буржуазиялық республикашылдар мен социалистер;
B) оңшыл республикашылдар мен фашистік бағыттағы күштер;
C) «Халық майданының» құрамына кірген күштер;
D) социалистер мен коммунистер;
E) фашистік.
13. Испан революциясының бірінші кезеңінде қай облыс автономия алды?
A) Астурия;
B) Галисия;
C) Андалусия;
D) Баскония;
E) Каталония.
14. Испан революциясының екінші кезеңі қай жылдарды қамтыды?
A) 1923-1930 жж.;
B) 1931-1933 жж.;
C) 1933-1936 жж.;
D) 1936-1939 жж.;
E) 1938-1939 жж.
15. Испан революциясының екінші кезеңінде билікте қандай саяси күштер болды?
A) буржуазиялық республикашылдар мен социалистер;
B) оңшыл республикашылдар мен фашистік бағыттағы күштер;
C) «Халық майданының» құрамына кірген күштер;
D) социалистер мен коммунистер;
E) фашистік.
16. Испанияда фашистік партия қашан құрылды?
A) 1931 жылы;
B) 1932 жылы;
C) 1933 жылы;
D) 1934 жылы;
E) 1935 жылы.
17. Испаниядағы фашистік партияны құрған кім?
A) Х.М. Хиль Роблес;
B) Мигель Примо де Ривера;
C) О.Редондо;
D) Хосе Антонио Примо де Ривера;
E) Франсиско Франко Баамонде.
18.Үкімет құрамына фашистердің кіруіне қарсы болған еңбекшілердің ең қуатты көтерілісі 1934 қазанда қай жерде өтті?

A) Астурияда;
B) Галисияда;
C) Андалусияда;
D) Баскония да;
E) Каталонияда.
19. Испан революциясының үшінші кезеңі қай жылдарды қамтыды?
A) 1923-1930 жж.;
B) 1931-1933 жж.;
C) 1933-1936 жж.;
D) 1936-1939 жж.;
E) 1938-1939 жж.
20. Испан революциясының үшінші кезеңінде билікте қандай саяси күштер болды?
A) буржуазиялық республикашылдар мен социалистер;
B) оңшыл республикашылдар мен фашистік бағыттағы күштер;
C) «Халық майданының» құрамына кірген күштер;
D) социалистер мен коммунистер;
E) фашистік.
21. 30-жылдары Испан Республикасының Конституциясы қашан қабылданды?
A) 1932 жылы мамырда;
B) 1931 жылы желтоқсанда;
C) 1933 жылы қарашада;
D) 1936 жылы шілдеде;
E) 1934 жылы қазанда.
22. Кортеске сайлауда Халық майданы партиясы қашан жеңіске жетті?
A) 1931 жылы сәуірде;
B) 1936 жылы қаңтарда;
C) 1933 жылы қарашада;
D) 1936 жылы шілдеде;
E) 1936 жылы ақпанда.
23. Испан Республикасы қай жылдары өмір сүрді?
A) 1931-1939 жж;
B) 1931-1936 жж;
C) 1931-1938 жж;
D) 1933-1939 жж;
E) 1932-1940 жж.
24. Испанияға интервенция ұйымдастырылғанда европалық мемлекеттер ұстанған саясат қалай деп аталды?
A) «оқшаулану»;
B) «қосылмау»;
C) «отарлау»;
D) «араласпау»;
E) «одақтасу».
25. Испан фашистерінің көсемі кім болды?
A) Муссолини;
B) Франко;
C) Х.Примо де Ривера;
D) Пилсудский;
E) Хорти.
26. Испан республикасындағы ішкі жасырын жауларды, фашизмді қолдаушыларды қалай деп атады?
A) «Жасырындар»;
B) «келісімпаздар»;
C) «бесінші колонна»;
D) «масондар»;
E) «неонацистер».
27. Испанияда азамат соғысы қай жылдары болды?
A) 1931-1933 жж;

B) 1936-1939 жж;
C) 1937-1939 жж;
D) 1933-1936 жж;
E) 1936-1938 жж.
28. Испаниядағы азамат соғысының бірінші кезеңіндегі әскери іс-қимылдар қай қала үшін болды?
A) Гвадалахар;
B) Мадрид;
C) Барселона;
D) Сан-Себастьян;
E) Арагон.
29. Испанияда Франко диктатурасы қашан орнады?
A) 1940 жылы;
B) 1939 жылы;
C) 1938 жылы;
D) 1937 жылы;
E) 1936 жылы.
30. Испаниядағы азамат соғысы...
A) бейбітшілік пен демократия күштерінің фашизмге қарсы шайқасы болды;
B) екінші дүниежүзілік соғыстың табалдырығы болды;
C) империалистік мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шиеленістерді;
D) Испанияны Оңтүстік-Батыс Европаның екінші эшелон еліне айналдырды;
E) елдегі ұлттық-азшылықтардың автономия үшін күресі болды.

Әдебиеттер

1. Война и революция в Испании 1936-1939 гг. М.,1968.
2. Гарсия Х. Испания Народного фронта. М.,1957.
3. Гарсия Х. Диктатура Примо де Ривера. М.,1963.
4. Гарсия Х. Испания XX века. М., 1967.
5. Гельфанд С. Но пасаран! (Документальная повесть) А., 1969.
6. Гибсон Я. Гренада 1936 г. Убийство Федерико Гарсиа Лорки. М., 1983.
7. Дамс Х.Г. Франсиско Франко. Ростов-на-Дону,1999.
8. Ибаррури Д. В борьбе. Избранные статьи и выступления 1936-1939 гг. М.,1968.
9. Испания. 1918-1972. М., 1974.
10. Историческая наука в XX веке. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки. Под редакцией И.П. Дементьева, А.И. Патрушева. М., 2002.
11. История фашизма в Западной Европе. Ответственный редактор Г.С.Филатов . М., 1978.
12. Коваль Б.И. Революционный опыт XX века. М., 1987.
13. Кольцов М. Испания в огне. т.2. М.,1987.
14. Кулешова В.В. Испания и СССР. Культурные связи. 1917-1939. М., 1975.
15. Мероньо Ф. В небе Испании. (Воспоминания испанского летчика-участника национально-революционной войны в Испании). М.,1975.
16. Мещеряков М.Т. Испания в огне. М.,1971.
17. Мы – интернационалисты. Воспоминания советских добровольцев-участников национально-революционной войны в испании, 2-е изд. М.,1986.
18. Новейшая история зарубежных стран . Европа и Америка. 1917-1945. Под редакцией В.К. Фураева. 4-издание, М.,1989.
19. Новейшая история стран Европы и Америки. XX век : В 2 ч. Под редакцией А.М. Родригеса и М.В. Пономарева. М., 2001. Ч.1. 1900-1945.
20. Пожарская С.П. Тайная дипломатия Мадрида.М.,1971.
21. Пожарская С.П. От 18 июля 1936 г. – дольгий путь М.,1978.
22. Пожарская С.П. Социалистическая рабочая партия Испании. 1931-1939. М.,1966.
23. Проблемы испанской истории. М., 1979.
24. Прицкер Д.П. Революция и национально-революционная война в Испании (1931-1939 гг.) Л., 1963.
25. Сориа Ж. Война и революция в Испании. 1936-1939. В двух томах. Под редакцией д.и.н. Пожарской С.П. т.2. М., 1987.
26. Эренбург И. Испанские репортажи. 1931-1939. М., 1986.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....3

1.Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Испан монархиясы. Примо де Риверaның диктатурасы.....6

2. Испания әлемдік экономикалық дағдарыс жылдарында. XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы испан революциясының кезеңдері.....16

3.Испаниядағы азамат соғысы (1936-1939 жылдар). Революциядан кейінгі Испания.....25

Бақылау сұрақтары.....36

Тест тапсырмалары.....37

Әдебиеттер.....41

Пішімі 60х84 1/12
Көлемі 43бет 3,6 шартты баспа табағы
Таралымы 20 дана.
Ш.Есенов атындағы КМТжИУ
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.
Ақтау қаласы, 27 ш/а.